«Қазақстан - өңірдегі жаңартылатын энергия көздерін дамыту бойынша көшбасшылардың бірі. Қазіргі уақытта елімізде жалпы белгіленген қуаты 2180 МВт болатын 139 ЖЭК нысаны жұмыс істейді. Оның ішінде 53 нысан – бұл қуаттылығы 1148 МВт күн электр станциялары. 2035 жылға дейінгі болжамды теңгерімде ЖЭК 6 ГВт-тан астам қуаттарын іске қосу көзделген. Тек осы жылдың өзінде ҚР Энергетика министрлігі жиынтық қуаты 690 МВт, оның ішінде күн электр станциялары бойынша 60 МВт аукциондар өткізуді жоспарлап отыр. Сондықтан біздің елге және «Qazaq Green» ЖЭК қауымдастығына LONGi Solar сияқты күн электр станцияларына арналған генерациялайтын жабдықтарды өндіру бойынша әлемдік алыптар тарапынан

қызығушылық заңды болып табылады. LONGi Solar компаниясымен осы бағытта жұмыс істейміз», - деп атап өтті Qazaq Green Директорлар кеңесінің Төрағасы Нұрлан Қапенов

Компанияның штаб-пәтері Сиан қаласында (Қытай) орналасқан. Компанияның маркетинг және сату орталығы Шанхайда орналасқан, сату кеңселері Жапония, Үндістан, Австралия, Еуропа, АҚШ, Бразилия және Таяу Шығыста жұмыс істейді. LONGi Solar компаниясы зерттеулер мен әзірлемелерге, монокристалды кремний өнімдерін өндіруге, сатуға және маркетингіне ерекше назар аудара отырып, LCOE ең үздік шешімдерін ұсынуға, сондай-ақ бүкіл әлемде монокристалды технологияны енгізуге ықпал етеді.



ҚР Энергетика министрлігі ЖЭК бойынша НҚА-ға бірқатар өзгерістер енгізді



Осы жылдың көктемінде Qazaq Green алаңында ҚР Энергетика министрлігі қауымдастық мүшелері: бизнес-қоғамдастық, халықаралық және қаржы ұйымдары өкілдерінің қатысуымен Қазақстанның жаңартылатын энергетикасын дамытудың өзекті мәселелерін талқылады. Жүргізілген талқылаулардың қорытындысы бойынша министрлік ЖЭК дамыту мәселелерін реттейтін бірқатар НҚА-ға өзгерістер жобаларын іске қосты.

«Тіркелген тарифтер мен шекті аукциондық бағаларды айқындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 27 наурыздағы № 271 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» нормативтік құқықтық актінің жобасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2014 жылғы 12 маусымдағы № 645 қаулысымен бекітілген тіркелген тарифтер деңгейінде шекті аукциондық бағаларды айқындауды көздейді.

- КЭС-34,61 тг/кВт*сағ
- ЖЭС-22,68 тг/кВт*сағ
- БиоЭС-32,23 тг/кВт*сағ

Бұл бастама ЖЭК ірі жобаларын ынталандыру мақсатында реттеуші базаны жетілдіруге қатысты Мемлекет басшысының 2022 жылғы 2 наурыздағы тапсырмасына сәйкес келеді.

Сонымен қатар, «Тіркелген тарифтерді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 12 маусымдағы № 645 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы» НҚА жобасына сәйкес ҚР Энергетика министрлігі судың гидродинамикалық энергиясына 41,23 тг/кВт*сағ мөлшерінде тіркелген тарифті айқындауды ұсынды. Мұндай шара



ГЭС бойынша аукциондарда инвестициялық белсенділікті ынталандырады және ГЭС жобаларын іске асырумен байланысты негізгі проблемалардың бірі – төмен шекті аукциондық бағаны (15,2 тг /кВт*сағ) еңсеруге арналған.

Бұдан басқа, «Тіркелген тарифтер мен шекті аукциондық бағаларды айқындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 27 наурыздағы № 271 қаулысына өзгерістер индексстеу тетігін жақсартуға бағытталған бірқатар бастамаларды көздейді:

- 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап сауда-саттық қорытындылары бойынша жобалар үшін қаржы- есеп айырысу орталығына жаңартылатын энергия көздерінен электр энергиясын сатып алу шарты жасалған кезден бастап және оны жеткізу басталғанға дейін құрылыс

кезеңінде біржолғы индексстеуді енгізу;

- ЖЭК жобасының өмірлік циклі ішінде тұтыну бағаларының индексіне немесе ұлттық валютаның АҚШ долларына айырбастау бағамының өзгеруіне 1 рет индексстеу тетігін таңдау мүмкіндігі;
- өткен жылдың 1 қазанымен салыстырғанда ТБИ және валюта бағамының 1 қазанға 100% өзгеруін есепке алу.

Qazaq Green бұл шаралардың барлығы ЖЭК секторында неғұрлым қолайлы инвестициялық ахуал қалыптастыруға ықпал ететініне сенім білдіреді.

Сондай-ақ, «Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2017 жылғы 21 желтоқсандағы № 466 бұйрығымен бекітілген Аукционға қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптарын, өтінімнің мазмұнын және оны беру тәртібін, аукционға қатысуға арналған өтінімді қаржылық қамтамасыз ету түрлерін және оларды енгізу мен қайтару шарттарын, қорытынды шығару және жеңімпаздарды анықтау тәртібін қамтитын аукциондық сауда-саттықты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларына өзгерістер енгізу туралы» НҚА-ға түзетулер енгізуге бастамашылық жасалды.

Ұсынылған өзгерістер сауда сессиясының уақытына, сондай-ақ бағаның өзгеру қадамына қатысты. Түзетулерге сәйкес НҚА жобасының 32-тармағын мынадай редакцияда жазу жоспарлануда: «Негізгі уақыт ішінде – сауда сессиясының 30 (отыз) минуты – бағаны өзгерту қадамы – 1 (бір) киловатт-сағат үшін кемінде 5 (бес) тиын, сауда сессиясы 5 (бес) минутқа ұзартылған уақыттан бастап бағаны өзгерту қадамы 1 (бір) киловатт-сағат үшін кемінде 50 (елу) тиынды құрайды».

Qazaq Green мүдделі ұйымдар мен компанияларды ЖЭК жөніндегі НҚА-дағы өзгерістерді ресми дереккөздерде («Ашық НҚА») қадағалауға және оларды қауымдастық алаңында талқылауға шақырады.



ЖЭК станциялары үшін мүлік салығын есептеу

» **«Qazaq Green» ЖЭК қауымдастығы» ЗТБ Қазақстан Республикасында жаңартылатын энергия көздері саласындағы инвестициялық жобаларды іске асыратын инвесторлардың мүдделерін білдіреді.** »



Калия Хисамидинова,
Қаржы директоры –
«QazaqGreen» ЖЭК қауымда-
стығы Директорлар кеңесінің
мүшесі

«Qazaq Green» ЖЭК қауымдастығы» ЗТБ Қазақстан Республикасында жаңартылатын энергия көздері саласындағы инвестициялық жобаларды іске асыратын инвесторлардың мүдделерін білдіреді.

Ағымдағы сәтте ЖЭК секторы ЖЭК саласындағы «құрылыстар» тобына жыл сайынғы мүлктік салықты төлеуге мүмкіндік беретін, станцияларды «машиналар мен жабдықтар» және «құрылыстар» тобына бөлуді көздейтін Қазақстан Республикасының негізгі қорларының бекітілген Ұлттық сыныптауышына (бұдан әрі - ҚҰС) қарамастан, ҚР салық органдары салықтық тексерулер жүргізу кезінде осы жіктеумен келіспеушілік туралы ұстанымын білдіреді және ЖЭК объектілері толық көлемде құрылыстар деп танылуы тиіс деп талап етеді. Бұл мүлік салығын жыл сайынғы төлеуді ЖЭК объектілерінің жалпы құнынан есептеу қажет дегенді білдіреді.

Айта кету керек, ЖЭК станцияларының негізгі құны генерациялайтын жабдықты құрайды (шамамен 60-65%), сондықтан мүлік салығының ұлғаюы ЖЭК объектілерінің төлем қабілетсіздігі себебінен іске асырылған жобалардың дефолтына әкеледі. Мысалы, күн электр станциясының құрамына күн панельдері, инверторлар, трансформаторлар, тарату қораптары және т.б. кіреді, олар құрылыстар емес, жабдықтар болып табылады. Тиісінше, бұл жабдық мүлік салығын есептеу үшін салық салынатын базаға енгізілуге жатпайды.

Станциялардың генерациялық жабдықтарын жіктеу бойынша даулар бірнеше жыл бұрын басталды. Салық төлем-

дерінің дұрыс жіктелмеуіне байланысты кәсіпкерлік субъектілерінің көптеген өтініштеріне және нәтижесінде айтарлықтай ақшалай салдарына байланысты Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 4 наурыздағы және 17 наурыздағы № 17-12/3612 тапсырмасы бойынша мемлекеттік органдар және мүдделі тұлғалар ҚҰС нақтылау өзгерістерін енгізу бойынша жұмысты бастады.

Генерациялау жабдығына қатысты мәселелердің мәні ҚҰС бастапқы редакциясы белгілі бір екіжақты түсіндіруге мүмкіндік беретіндігінде болды.

2021 жылғы 1 қаңтардан бастап жоғарыда көрсетілген тапсырманы орындау шеңберінде ҚҰС-қа №1 өзгерістер (бұдан әрі - өзгерістер) қолданысқа енгізілді, оларға сәйкес әр үрлі позициялар бойынша нақтылаушы тұжырымдар енгізілді, оның ішінде ҚҰС қосарланған түсіндірілуін жою мақсатында ҚҰС кейбір кодтарына түсіндірмелер өзгертілді. Электр энергиясын өндіруге және түрлендіруге арналған жабдықтардың барлық түрлері «Машиналар мен жабдықтар» бөліміне нақты және біркелкі бөлінген.

Осылайша, ЖЭК станциялары логикасының дұрыстығы расталды, онда генерациялайтын жабдық жабдық ретінде жіктеледі және мүлікке салық салынбайды.

Алайда, іс жүзінде салық органдары әлі де ҚҰС түсіндіруге бейім, оған сәйкес ЖЭК станцияларының барлық жабдықтары «құрылыстар» сыныбына жатады. Біздің ойымызша, ҚР салық органдарының ұстанымын қабылдаған жағдайда, ЖЭК саласын одан әрі дамыту нарықтың



барлық қатысушылары үшін жобалардың экономикалық орынсыздығынан мүмкін емес.

Қолданыстағы ЖЭК объектілеріне қаражат салған инвесторлар мен қаржы институттары өздерінің қаржылық модельдерінде мүлік салығын төлеуге бірнеше есе өсетін көлемде ақша қаражатының айтарлықтай кетуін көздемеді. Кассалық алшақтықтар және ұзақ мерзімді кредиттерге қызмет көрсете алмау себебінен қолданыстағы ЖЭК объектілерінің еріксіз дефолтынан кейін жаңа ЖЭК объектілерін салуға сұраныс азаяды.

Бүгінгі күні ҚР Энергетика министрлігінің және ҚР басқа да мүдделі мемлекеттік органдарының жұмысының арқасында аукциондық сауда-саттық өткізу арқылы ЖЭК объектілерінен электр энергиясына тарифті айтарлықтай төмендетуге қол жеткізілді. Мүлікке салынатын салық ұлғайған жағдайда әлеуетті инвесторлар ЖЭК объектілеріне инвестицияларды аукциондық тарифтер бойынша жүзеге асыруға мүдделі болмайды.

Аукциондарға қатысу мүлік салығы бойынша қосымша шығыстарды өтеу мақсатында тарифті ұлғайту талабымен сүйемелдеді. Нәтижесінде ЖЭК нарығының тоқырауы орын алуы мүмкін, ҚР-да ЖЭК секторын дамытудың нысаналы көрсеткіштеріне қол жеткізілмейді, ал стейкхолдерлер ұзақ мерзімді инвестицияларды тәуекелді деп есептей отырып, жалпы салаға деген сенім мен қызығушылықты жоғалтады.

Осыған байланысты ЖЭК бизнес-қоғамдастығының пікірін ескеру қажет және ЖЭК станцияларының атына осындай жабдықта қосымша салық есептеу туралы органдардың талаптарын болдырмау мақсатында НҚЖ «Машиналар мен жабдықтар» тобында электр энергиясын өндіруге және қайта құруға арналған жабдықтарды жіктеу бойынша мемлекеттік кірістер органдарының бірыңғай құқық қолдану практикасын әзірлеуге мүмкіндік беретін шешім қабылдау қажет деп санаймыз.

«Qazaq Green» ЖЭК қауымдастығының және Қазақстан электр энергетикалық қауымдастығының үндеуіне сәйкес бұл мәселе Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссияның талқылауына шығарылды. 13 шілдеде ҚР Премьер-Министрі А.Ә. Смайылов өткізген комиссия отырысының қорытындысы бойынша ҚР Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетіне ҚР Энергетика министрлігімен бірлесіп, әлеуметтік-экономикалық әсерді бағалай отырып, электр станцияларының энергиясын өндіруге және қайта құруға арналған объектілерді жабдықтарға немесе құрылыстарға жатқызу мәселесі бойынша келісілген қорытынды ұсынуға тапсырма берілді.

Qazaq Green энергия өндіруші ұйымдарға салық салу мәселесін шешу үшін аталған мемлекеттік органдармен тығыз байланысты жалғастырады.

Сонымен қатар, «Solar Fest – 2019» халықаралық іскерлік фестивалінің қорытындысы бойынша «Qazaq Green» ЖЭК қауымдастығының іске асырған бастамалары шеңберінде ЖЭК жобалары басым инвестициялық жобалар қатарына қосылды және ҚР Кәсіпкерлік кодексінің ережелеріне сәйкес, инвестициялық басым жобалар салықтар бойынша артықшылықтар алу мүмкіндігіне ие болады: есептелген КТС сомасын 100% азайту, жер салығының мөлшерлемелеріне 0 коэффициентін қолдану, салық базасына 0 пайыздық мөлшерлеме бойынша мүлік салығын есептеу. Артықшылықтарды алу үшін инвестициялар жөніндегі уәкілетті органға жүгіну қажет.



ҚАЗАҚСТАННЫҢ КӨМІРТЕГІ БЕЙТАРАПТЫҒЫНА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ



Жаһандық энергияға көшу қарқыны, сондай-ақ температураның өзгеруін 1,5°C-ден аспайтын ұстап тұруға бағытталған Париж келісімін іске асыру геосаяси жағдайдың өзгеруіне байланысты баяулады. Сонымен бірге, осы жылдың маусым айында өткен БҰҰ КӨНК Бонн конференциясының шешімдері, сондай-ақ ЕО қоршаған орта министрлерінің конференциясы климаттық саясатты ұстанатындығын және COP-26 шараларын (Глазго пактісі) іске асыруға дайындығын көрсетті.

Климаттың өзгеруіне бейімделу саласындағы батыл іс-қимылдар мен жаһандық ынтымақтас-тықтың үлгісі Глазго қаласындағы алаңда басталған көміртекті көп қажет ететін секторлардағы жеткізу тізбектері бар компанияларды біріктіретін Алғаш жол салушылар коалициясы болды. Оған тұтыну тауарларын өндіру және тасымалдау жөніндегі ірі фирмалардың өкілдері, сондай-ақ жаңартыла-тын энергия көздерімен айналысатын және жел турбиналарын салу үшін болатты пайдаланатын компаниялар кіреді. Қазіргі уақытта Коалиция тоғыз елдің (Дания, Үндістан, Италия, Жапония, Норвегия, Сингапур, Швеция және Біріккен Корольдік, АҚШ) 50-ден астам компаниясын біріктіреді, олардың үлесіне әлемдік ЖІӨ-нің 40%-дан астамы және жаһандық шығарындылардың 30%-ы тиесілі. Бес құрлықта жиынтық нарықтық құны 8,5 трлн доллардан асатын компаниялар 2030 жылға қарай алты секторда: көмірқышқыл газын жою; алюминий; авиация; жеткізу; жүк тасымалдау; болат технологияларының есебінен нөлдік көміртегі бар сатып алу бойынша міндеттемелерді өзіне алып, жаңа экологиялық таза технологияларды коммерцияландыруға дайын-дығын көрсетті.



Б.К. ЕСЕКИНА

ҚР Президенті жанындағы жасыл экономика жөніндегі кеңестің мүшесі, «Жасыл Академия» ғылыми-білім беру орталығының директоры, э.ғ.д., профессор

Көптеген елдер, оның ішінде көмірсутектерді өндіру жөніндегі әлемдік көшбасшылардың үздік он-дығына кіретін елдер ұлттық стратегияларды және

¹Дереккөз: <https://unfccc.int/SB56>

²Дереккөз: <https://www.consilium.europa.eu/en/meetings/env/2022/06/28/>

³Дереккөз: <https://www.weforum.org/first-movers-coalition>

оларды іске асыру жоспарларын әзірлеу және жаңарту арқылы өз экономикаларын көміртексіздендірудің жаңа жолдарын негіздеу бойынша күш салуда (1-кесте).

Мәселен, Қытай ЖЭК жедел дамыту, энергия тұтынуды бақылауды күшейту, өнеркәсіптің, қала құрылысының, көліктің, ауыл шаруашылығының

және өңірлердің жасыл трансформациясы есебінен 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізуді жоспарлап отыр. 2021 жылдың қазан айында ұсынылған елдік стратегияға сәйкес, ел 2030 жылға қарай көмірқышқыл газының шығарылу шыңына жетіп, содан кейін көміртегі бейтараптығына көшуді жоспарлап отыр.

1-кесте. Өндіруші елдердің шығарындылары төмен ұзақ мерзімді даму стратегияларына шолу

Ел	Тапсыру күні	Мақсаты	Секторлар	Тәсілдер
Австралия	29.10.2021	Экономика мен жұмыс орындарының бір мезгілде өсуі кезінде шығарындыларды 2030 жылға қарай 35%-ға қысқарту және 2050 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізу	Энергия; Көлік; Ғимараттар; Ауыл шаруашылығы; Орман және өзге де жер пайдалану	1. Салықтың орнына технологиялар - үй шаруашылықтары немесе бизнес үшін жаңа шығындар жоқ; 2. Энергия көздерін таңдауды кеңейту; 3. Жаңа энергетикалық технологиялар құнының төмендеуі; 4. Қолжетімді және сенімді энергияның көмегімен энергия бағасын төмендету; 5. Прогресс үшін жауапкершілік - мақсаттарға жету үшін ашықтық қажет.
Германия	17.11.2016	1990 жылмен салыстырғанда шығарындылардың 80-95%-ға төмендеуі	Энергия; Ғимараттар; Көлік; Ауыл шаруашылығы; Орман және өзге де жер пайдалану.	1. Технологиялық бейтараптылыққа және инновацияларға ашықтыққа екпін;
Канада	17.11.2016	2005 жылмен салыстырғанда шығарындылардың 80%-ға төмендеуі	Энергия; Ормандар; Ауыл шаруашылығы; Қалдықтар.	1. Электрлендіру; 2. Энергия тиімділігі парниктік газдар шығарындыларын едәуір азайтуға қол жеткізудің кілті болып табылады; 3. Кейбір салалар төмен немесе төмен көміртекті отынға, соның ішінде екінші буын биоотынына немесе сутегіне ауысады; 4. Парниктік газдар шығарындыларымен күресу CO ₂ -ден басқа басымдық болып табылады; 5. Мінез-құлық өзгерістері ескеріледі; 6. Канада ормандары мен жерлері газдарды қармауда маңызды рөл атқарады; 7. Инновация шешуші болады; 8. Ынтымақтастық маңызды болады.
Қытай	28.10.2021	2030 жылға дейін CO ₂ шығарындыларының шыңына жетіп, 2060 жылға дейін көміртегі бейтараптығына қол жеткізу.	Энергия; Өнеркәсіп; Көлік; Ауыл шаруашылығы.	1. Өнеркәсіп секторындағы экологиялық таза және төмен көміртекті қайта құруды жеделдету; 2. Энергияны өндіру мен тұтынудағы өзгерістерді белсенді түрде алға жылжыту; 3. Қала және ауыл құрылысының «жасыл» және төмен көміртекті дамуын жан-жақты ілгерілету; 4. Төмен көміртекті көлік жүйесінің дамуын жеделдету және көлікте электр энергиясын, сутегі энергиясын, табиғи газды және қазіргі заманғы сұйық биоотынды пайдалануды белсенді түрде кеңейту; 5. Саясатқа табиғи ресурстарды тұрақты пайдалануды қосу; 6. Құқықтық және институционалдық жүйелерді құру және жақсарту.

Нидерланды	11.12.20	1990 жылмен салыстырғанда шығарындыларды 2050 жылға қарай 95%-ға азайту	Ғимараттар; Өнеркәсіп; Көлік; Орман және өзге де жер пайдалану.	1. Энергетикалық жүйені трансформациялау; 2. Барлық секторларда ұзақ мерзімді тәсіл; 3. Барлық мүдделі тараптар үшін тартымды перспективамен жұмыс; 4. Қалыс қалмай, бейімшіл болу; 5. Траншекаралық ынтымақтастықты жандандыру.
Норвегия	25.11.2020	1990 жылғы деңгеймен салыстырғанда шығарындыларды 2030 жылға қарай кемінде 50%-ға және 55%-ға дейін азайту.	Анықталмаған	1. Елде бұдан былай мұнай мен газ ресурстары жоқ жаңа жағдайға бейімделу 2. Технологияларды дамытуға тікелей қолдау көрсетіледі; 3. Шығарындыларға – ШСЖ-ға бағаны белгілеу; 4. Салық салу; 5. Мәселелерді реттеу бойынша заңдар қабылданады.
АҚШ	01.11.2021	2050 жылға қарай шығарындыларды кемінде 80%-ға азайту.	Энергия; Көлік; Ғимараттар; Өнеркәсіп; Орман және өзге де жер пайдалану.	1. Электр энергиясын көміртексіздендіру; 2. Соңғы пайдаланушыларды электрлендіру және басқа таза отынға көшу; 3. Энергия шығынын қысқарту. 4. CO ₂ -ден басқа метан және басқа өнімдерді қысқарту; 5. CO ₂ жоюды масштабтау.



БҰҰ КӨНК-де төмен көміртекті даму стратегиясын (2016-2021 жж.) алғашқылардың бірі болып ұсынған Еуропалық Одақ елдері дәстүрлі энергия тасығыштар бағасының өсуіне қарамастан, шығарындыларды төмендету бойынша ұлттық міндеттемелерді (NDC) және көміртегі өнімдерін импорттаушыларға қойылатын талаптарды біртіндеп қатайтуда. 2023 жылдан бастап шекаралық көміртегі салығы (CBAM) салынатын тауарлар тізіміне үлкен көміртегі ізі бар қара және түсті металлургия, химия өнеркәсібі, құрылыс материалдары және басқа да салалар кіреді. 2026 жылдан бастап бұл тізімді мұнай-газ және мұнай-химия

өнеркәсібінің өнімдерімен толықтыру жоспарлануда, бұл Қазақстан сияқты өндіруші елдердің экспортын осал етеді.

Fitfor55 шығарындыларды азайту саласында бұрын қабылданған ұлттық міндеттемелерді қатайтудан басқа, ЕО елдері ұлттық стратегияларды нормативтік актілермен толықтырады⁴.

Осылайша, 2050 жылға дейін төмен көміртекті даму стратегиясын алғашқылардың бірі болып ұсынған Германия климаттық өзгерістер туралы федералды заң қабылдады. Ел энергетикалық секторды қайта құрылымдау жолын таңдайды, ЖЭК-ті одан әрі таратуды және қазбалы отыннан электр энергиясын өндіруден біртіндеп бас тартуды жоспарлайды, бұл энергетикалық сектордағы шығарындыларды 1990 жылмен салыстырғанда 2030 жылға қарай 60-62%-ға қысқартады. Стратегияны іске асыру жоспары Париж міндеттемелері шеңберінде қабылданған заңға сәйкес әрбір 5 жыл сайын жаңартылатын болады.

Норвегия экономикасын көміртексіздендіру жоспары төмен көміртекті технологияларды қолдауды, шығарындылар салығын ұлғайтуды (тоннасына 95 АҚШ долларынан 240 АҚШ долларына дейін), 2022 жылдан бастап нөлдік шығарындылары бар көлікке көшуді (2025 жылдан бастап қалалық автобустар) және басқа да реттеу шараларын көздейді. Сондай-ақ, елде Климаттың өзгеруі туралы заң қабылданды (2018 ж.)

⁴ Дөрекез: <https://www.consilium.europa.eu/en/policies/green-deal/fit-for-55-the-eu-plan-for-a-green-transition/>

Францияның төмен көміртекті даму перспективалары Көміртегі шығарындыларын азайту жөніндегі ұлттық стратегияда және негізінен атом энергетикасынан ЖЭК-ке көшуге, технологияларды дамытуға және т.б. негізделген ұзақ мерзімді энергетикалық бағдарламада көрініс тапты.

Жалпы, ЕО елдері өз экономикаларын көміртексіздендіру саясатын дәйекті түрде жалғастыруда. Мысалы, осы жылдың мамыр айында ЕО энергетикалық өтуінің жаңа жоспары – REPowerEU қабылданды⁵, ол таза энергия көздеріне жылдам өтуге және Еуропаның ресейлік энергетикалық ресурстарға тәуелділігін азайтуға бағытталған. Бұл жоспарды мынадай міндеттерді шешу жолымен іске асыру болжанып отыр: 1) үй шаруашылықтарынан бастап өнеркәсіптік кәсіпорындарға дейінгі барлық деңгейлерде энергия үнемдеу; 2) энергия жеткізуді әртараптандыру; 3) қазбалы отынды ЖЭК-те жылдам ауыстыру; 4) инвестициялар мен реформаларды орынды үйлестіру.

АҚШ пен Канада үшін де көміртегі бейтараптығына қол жеткізу және климаттық саясат саласындағы заңнаманы қабылдау саясатының жалғасуы тән. АҚШ 2021 жылғы қарашада стратегияны ұсынды, оның негізгі басымдықтары: 1) лектр энергиясын көміртексіздендіру; 2) соңғы пайдаланушыларды электрлендіру және басқа таза отындарға көшу; 3) метанды және CO₂-ден басқа өнімдерді азайту болып табылады.


Канада мен Ресейдің стратегияларында төмен көміртекті дамуға көшудің басымдықтары ретінде мыналар белгіленген: энергия тиімділігі, орман

және жерді пайдалануды жетілдіру арқылы климаттың өзгеруіне бейімделу, технологиялар мен инновациялар.

Париж келісімін ратификациялаған және парниктік газдар шығарындылары саласында ұлттық міндеттемелерді ұсынған Қазақстан Республикасы үшін (2030 жылға қарай 1990 жылғы деңгейден 15-25% мөлшерінде, БҰҰ КӨНҚ, 2016 ж.) ҚР Президенті Қ-К. Тоқаев қойған 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізу жөніндегі міндет өте өршіл болып қала береді және салмақталған климаттық саясат жүргізуді талап етеді.

ҚР СЖЖРА Статистика бюросының деректері бойынша парниктік газдар шығарындыларының көп бөлігі (77,1%) отынды өндірумен, өңдеумен, тасымалдаумен, сақтаумен және жағумен байланысты энергетикалық қызметке келеді (1-сурет). Осыған байланысты дәл осы секторлар ғалымдарды, практиктер мен саясаткерлерді мұқият зерттеу және зерттеу объектісіне айналуы тиіс.

Жақында ТМҚК өткізген Көмір форумы аясындағы пікірталастар көрсеткендей, көмір өнеркәсібі кәсіпорындарының, шахталар мен салалық ҒЗИ ұжымдары көмір кен орындарын көміртексіздендірудің тиімді халықаралық тәжірибесін зерттеуді, зерделеуді, сондай-ақ өндірісті технологиялық жаңғыртудың арнайы бағдарламаларын әзірлеуді қажет етеді. Кеншілер арасында жабдықтардың тозуы үлкен алаңдаушылық туғызады: жекелеген кәсіпорындарда ол 80-85%-ға жетеді, бұл өндірістің энергия сыйымдылығының өсуіне және тиісінше парниктік газдар шығарындыларының өсуіне себепші болады.



1-сурет. Секторлар бойынша шығарындылардың құрылымы мен серпіні, млн. т CO₂ бал.

⁵ Дөрекікөз: https://ec.europa.eu/commission/presscorner/detail/en/IP_22_3131

ҚР Энергетика министрлігінің алдын ала деректеріне сәйкес, көмірден бас тарту және экономиканы көмір-тексіздендіру бойынша басқа да шаралар көмір өндіру және энергия өндіру саласында 27 мың жұмыскердің босатылуына әкелуі мүмкін, ал басқа сабақтас салалардың жұмыскерлерін ескергенде – шамамен 35 мың.

ҚР Энергетика министрлігінің алдын ала деректеріне сәйкес, көмірден бас тарту және экономиканы көмір-тексіздендіру бойынша басқа да шаралар көмір өндіру және энергия өндіру саласында 27 мың жұмыскердің босатылуына әкелуі мүмкін, ал басқа сабақтас салалардың жұмыскерлерін ескергенде – шамамен 35 мың. Осыған байланысты энергетикалық трансформация процесінде неғұрлым осал және жұмысынан айырылу тәуекеліне ұшыраған қызметкерлердің осы санаты әлеуметтік қорғау шараларымен, қайта оқыту және қайта даярлау бағдарламаларымен қамтылуға, шығарындылар деңгейі төмен салаларда жаңа жұмыс орындарымен қамтамасыз етілуге тиіс. Осы санаттағы адамдар үшін жаңа «жасыл» салалардағы қызметті жүзеге асыру мақсатында баламалы жұмыспен қамтуды және қайта даярлауды ұсынатын бағдарламалар әзірлеу қажет.

Экономиканың басқа өндіруші секторларында, атап айтқанда, мұнай-газ және мұнай-химия өнеркәсібінде көміртегінің қажетсінуді төмендетуге қатысты ЖЭК үлесін арттыру, ең озық қолжетімді технологияларды (ЕОҚТ) енгізу жолымен энергия тиімділігін арттыру, әсіресе шикізатты тасымалдау кезінде көміртекті ұстау және сақтау (КҰС) технологияларын әзірлеу және енгізу жолымен көміртексіздендіру саясатын жалғастыру қажет. Осы сектордағы бірқатар компанияларда (KMG, NCOC, SHELL және басқалары) төмен көміртекті дамудың корпоративтік стратегияларын, сөзсіз, көміртегі бейтараптығына қол жеткізу бағытында прогресс болып табылатын, көміртек ізін және CO₂ «ағуларын» анықтау мәніне тәуелсіз техникалық-технологиялық, цифрлық аудиттер жүргізу, көміртегінің ағуына сандық мониторингті енгізу сияқты бірқатар бағыттар әзірлеуге қарамастан, шыға-

рындылар кәсіпорындардың экологиялық менеджменті назарынан тыс қалады.

Әрине, гибридтік, маневрлік ЖЭК-ті ынталандыру және енгізу, сутегі және атом энергетикасы, ЕОҚТ, КҰС саласында қолданбалы зерттеулер жүргізу және көміртегі менеджменті стандарттарын және басқа да шараларды енгізу сияқты энергетикалық секторды және тұтастай алғанда, елдің өндіруші кәсіпорындарын көміртексіздендірудің жүйелі мәселелері қазіргі уақытта әзірленіп жатқан 2060 жылға дейінгі көміртегі бейтараптығына қол жеткізу стратегиясы шеңберінде Үкімет тарапынан қолдау алуға тиіс.

Жоғарыда келтірілген халықаралық тәжірибені және ұлттық экономиканың ерекшелігін ескере отырып, осы стратегиялық құжаттың базалық элементі көміртексіздендіруді ынталандыратын көміртекті реттеу жүйесін жетілдіру болуы тиіс. Ағымдағы ахуалды талдау Қазақстандағы көміртекті реттеудің қолданыстағы жүйесі парниктік газдар шығарындыларын азайту бойынша елдің алған міндеттемелеріне қол жеткізуге мүмкіндік бермейтінін және түбегейлі жетілдіруді қажет ететінін көрсетеді.

Парниктік газдар шығарындыларына квоталар саудасы да тиісті ынталандырушы әсерге ие емес. Квоталармен сауда-саттықты жүзеге асыратын қазақстандық CCE (CaspianCommodityExchange) компаниясының деректеріне сәйкес 2021 жылы сауда-саттықта көміртегі бірліктерінің құны 1-1, 2 АҚШ доллары деңгейінде болды, ал ЕО-да көміртектің бағасы CO₂ тоннасы үшін 70 доллардан асады. Париж келісімінің міндеттемелері шеңберінде ЭГТРМ әзірлеген ҰДАҰ жаңартылған жобасы (2021-2025 жылдарға ҚР Ұлттық деңгейінде айқындалатын үлес) көміртегі бірлігінің бағасын 2023-2025 жылдары 16,9 АҚШ долларына дейін және 2026-2030 жылдары 50,8 АҚШ долларына дейін арттыруды көздейді. Парниктік газдар шығарындылары үшін осындай бағаға қол жеткізу үшін көміртекті реттеу жүйесінің тиімділігін арттыру, шығарындыларды азайтуды ынталандыру және жасыл технологияларды енгізу бойынша шұғыл шаралар қабылдау қажет.

Біздің елімізде қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін McKinsey компаниясының зерттеулеріне сәйкес, көміртексіздендіруге инвестициялар үлесін орташа әлемдік көрсеткіштің 7,5%-ына қарағанда ЖІӨ-нің 15%-ына дейін арттыру қажет.

Осы проблемаларды шешу үшін ұлттық деңгейде мынадай іс-қимылдарды қабылдау орынды деп санаймыз:

1. Климаттық мақсаттар заңды заңнамалық акт болуы керек. Өршіл және тұрақты ұзақ мерзімді саяси ортаның болуы маңызды. Парниктік газдар шығарындыларының әлемдегі ең ірі 10 көзі - Жапония, Канада, ЕО елдері және Оңтүстік Корея заңды міндетті нысаналы

⁶ Дереккөз: https://forbes.kz//process/energetics/trudnosti_energoperehoda_1651836783/?

көрсеткіштерге ие. Популизмнің өсуімен белгіленген тұрақсыз саяси климатты ескере отырып, климаттың өзгеруіне күш салу саяси басымдықтардың өзгеруіне кепілдік болмауы керек. Елдің климаттық мақсаттарының салалық және жергілікті деңгейлерде орындалуға жататын орталық және жергілікті мемлекеттік органдар мен ұлттық компаниялардың стратегияларында, жоспарлары мен бағдарламаларында бекітілуі елдің тұрақты прогресіне ықпал ете отырып, тұрақтылық пен айқындылықты қамтамасыз ете алады.

■ **2. Энергетикалық қауіпсіздікті жоспарлау «дәл мерзімінде» жоспарлаудан осы шешімдерге инвестицияларды ынталандыру үшін нарықтық тетіктерді пайдалана отырып, жеткілікті резервтік қуаттар мен сақтау инфрақұрылымын ұстауды талап ететін «кез**



келген жағдайда» жоспарлауға көшуге тиіс. Энергия тиімділігі мен энергия үнемдеу энергетикалық қауіпсіздік саласында қосымша артықшылықтар мен рөл атқаруы керек. Ақпаратты ашық және дәйекті тарату, энергия қандағалау мекемелерін қалпына келтіру және тұтынушылар топтары арасында жауапкершілікті бөлуді ескеретін іс-шараларды әзірлеу халықтың энергия тиімділігін арттыруға қатысуын ынталандыруға көмектесе алады.

■ **3. Экологиялық таза энергетикаға инвестициялар тәуекелін төмендету капитал ағынын ұстап тұру үшін аса маңызды.** Соңғы онжылдықта елдің энергетикалық ауысуына инвестициялар өсті, бірақ инвестициялардың өсуі экономикалық өсудің онжылдығына келді және ішінара ынталандырушы ақша-кредит саясатымен және төмен пайыздық мөлшерлемелермен қамтамасыз етілді. Бүгінгі күні қаржыландыру тапшылығы елеулі болып қалуда, сон-

Бүгінгі күні қаржыландыру тапшылығы елеулі болып қалуда, сондықтан энергетикаға инвестициялар тәуекелінің төмендеуі шешуші мәнге ие.

дықтан энергетикаға инвестициялар тәуекелінің төмендеуі шешуші мәнге ие.

■ **4. Теңдік пен әділеттілік мәселелері энергетикалық ауысуда басты орынға ие болуы керек.** Соңғы онжылдықтарда энергияға деген сұраныстың салыстырмалы икемділігіне байланысты энергияның жоғары бағасы тұтыну бағаларының инфляциясының жоғары деңгейіне ықпал етті. Біріншіден, халықтың осал топтары мен шағын кәсіпорындар зардап шегеді, бұл жаңа энергетикаға көшу кезінде теңдік пен әділеттілік мәселелерін көрсетеді. Энергияның қолжетімділігін сақтау тек экономикалық өсу мен әлеуметтік әл-ауқат үшін ғана емес, сонымен қатар климаттың өзгеру саясатын қолдау үшін де өте маңызды. Осыған байланысты осал топтар мен шағын бизнес үшін тең қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін ұзақ мерзімді жүйелі шешімдер қабылдау талап етіледі.

Жалпы, елдік деңгейдегі көміртексіздендіру процесі мемлекеттік басқару саласында да, ұлттық экономика мен оның негізгі салаларын дамытуды жоспарлау саласында да жүйелі жұмыс жүргізуді және тиісті инвестициялық, нормативтік-құқықтық және институционалдық реформалар қабылдауды талап етеді. Көміртегі бейтараптығына қол жеткізу жөніндегі шаралардың салааралық сипатына, елдің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін маңыздылығына байланысты қосалқы өңірде БҰҰ қолдауымен Баламалы энергетика және климат жөніндегі агенттік түрінде Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан үйлестіруші құрылым құру қажеттігі пісіп-жетілді.

Осыған байланысты Үкімет, ғалымдар, сарапшылар, бизнес-қоғамдастық бүгінгі стратегияға енгізілетін шешімдер Қазақстанның ғана емес, бүкіл Еуразия өңірінің келешекке арналған тұрақты даму перспективаларын айқындайтынын түсінуі қажет.

Осылайша, экономиканы әртараптандыру және оның технологиялық серпілісінің стратегиясы болып табылатын Қазақстан Республикасының 2060 жылға дейінгі көміртегі бейтараптығына қол жеткізу стратегиясы **елдің әлеуметтік-экономикалық саясатын жаңарту кезеңінде жаңа ұзақ мерзімді стратегиялық құжат болуы тиіс.** 

2022 жылғы ЖЭК аукциондық сауда-саттық кестесі

Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі барлық мүдделі тұлғаларды 2022 жылы жаңартылатын энергия көздері объектілері құрылысының жобаларын іріктеу жөніндегі аукциондарға қатысуға шақырады.

Аукциондарды ұйымдастыру және өткізу қағидаларына сәйкес (Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2017 жылғы 21 желтоқсандағы № 466 бұйрығымен бекітілген), 2022 жылға арналған аукциондарды өткізу кестесі Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми сайтында жарияланған.

№	ЖЭК түрі	Белгіленген қуаты, МВт Шағын Ірі	БЭЖ аймағы	Аукцион уақыты	Аукцион күні
1	ГЭС	20	Солтүстік және Оңтүстік аймақтар	14.00 бастап	24.10.2022 ж.
2	ГЭС	200	Солтүстік және Оңтүстік аймақтар	14.00 бастап	25.10.2022 ж.
3	БиоЭС	10	Барлық аймақтар	14.00 бастап	07.11.2022 ж.
4	КЭС	20	Оңтүстік аймақ	14.00 бастап	08.11.2022 ж.
5	КЭС	20	Оңтүстік аймақ	14.00 бастап	09.11.2022 ж.
6	КЭС	20	Оңтүстік аймақ	14.00 бастап	10.11.2022 ж.
7	ЖЭС	50	Солтүстік аймақ	14.00 бастап	11.11.2022 ж.
8	ЖЭС	50	Батыс аймақ	14.00 бастап	21.11.2022 ж.
9	ЖЭС	50	Солтүстік аймақ	14.00 бастап	22.11.2022 ж.
10	ЖЭС	50	Солтүстік аймақ	14.00 бастап	23.11.2022 ж.
11	ЖЭС	50	Солтүстік аймақ	14.00 бастап	24.11.2022 ж.
12	ЖЭС	50 (құж)	Солтүстік аймақ	14.00 бастап	28.11.2022 ж.
13	ЖЭС	100 (құж)	Солтүстік аймақ	14.00 бастап	29.11.2022 ж.

Дереккөз: ҚР Энергетика министрлігі

Аукционға қойылған жалпы белгіленген қуат 2022 жылы электр станцияларының түрлері бойынша бөлінген 690 МВт құрайды:

- күн электр станциялары (КЭС) – 60 МВт;
- жел энергетикалық қондырғылары (ЖЭС) – 400 МВт, оның ішінде: құжаттамасы бар 150 МВт;
- су электр станциялары (ГЭС) – 220 МВт;
- биогаз электр станциялары (БиоЭС) – 10 МВт.

Жаңартылатын энергетика жобаларын іріктеу жөніндегі аукциондарға қатысуға дайындық мақсатында мүдделі тараптар Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің «Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі есеп айырысу-қаржы орталығы» ЖШС (<http://www.rfc.kegoc.kz/>) және «КОРЭМ» АҚ (<http://www.korem.kz/>) ресми сайттарында түсіндірулерді сұрата немесе түсіндіру семинарлары мен вебинарларға қатыса алады.



Талғат Темірханов

«Қазақстан электр энергетикалық қауымдастығы» ЗТБ Төрағасы



ҚАЗАҚСТАН ЭЛЕКТР ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ҚАУЫМДАСТЫҒЫ
КАЗАХСТАНСКАЯ ЭЛЕКТРОЭНЕРГЕТИЧЕСКАЯ АССОЦИАЦИЯ
KAZAKHSTAN ELECTRICITY ASSOCIATION

Қазақстанның электр энергетикасын дамытудың өзекті проблемалары мен пайымы

«Қазақстан электр энергетикалық қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі 1999 жылдың қаңтарынан бері ширек ғасырға жуық уақыт бойы жұмыс істеп келеді. Осы жылдар ішінде ол энергетика саласының өкілдері мен мемлекеттік органдар арасында диалог жүргізіп келеді. Қауымдастық Қазақстанның энергетикалық саласын дамыту стратегиясын әзірлеу және қабылдау бойынша белсенді жұмыс жүргізуде. »

Климаттың өзгеруіне қарсы тұруға бағытталған жаһандық науқан бұрын-соңды болмаған ауқымға ие болды, бұл энергетикалық секторға қысымның өсуіне әкелді. 2020 жыл жаңа бетбұрыс болды және жаңа факторлардың әсерінен бұл процесті «жеделдетті». Бүгінгі таңда біздің еліміздің энергетикалық саласы алдыңғы жылдары жинақталған, сондай-ақ жаңадан пайда болған көптеген ауқымды сын-тегеуріндермен, мәселелермен және белгісіздіктермен бетпе-бет келіп отыр. Нормативтік-құқықтық база мен нарық құрылымындағы ауқымды өзгерістер, сондай-ақ жұртшылық пен сот инстанциялары тарапынан қысымның артуы компаниялар мен жекелеген адамдарды жұмылдыруға мәжбүрлейді.

Энергетикалық компанияларды, ақпараттық технологиялар компанияларын және басқа салаларды, сондай-ақ қаржы институттарын, тіпті жекелеген азаматтарды қоса алғанда, бизнестің «энергетикалық ауысуға» реакциясы күрделі және көп қырлы.

Қазақстан Республикасында, көмір-сутектерді өндіретін басқа да көптеген ірі елдердегідей, үкімет көміртегі бейтараптығына ұмтыла отырып, бір мезгілде мемлекеттік бюджеттерді толықтыру көзі ретінде көмірсутектерден түсетін кірістерге сүйенеді. Бәсекелес мүдделер мен мақсаттардың осындай бірігуі энергетикалық көшу жолындағы проблемаларды айқындайды, сондай-ақ өндіруші елдердің

Энергетикалық компанияларды, ақпараттық технологиялар компанияларын және басқа салаларды, сондай-ақ қаржы институттарын, тіпті жекелеген азаматтарды қоса алғанда, бизнестің «энергетикалық ауысуға» реакциясы күрделі және көп қырлы.

энергетика саласына қысқа мерзімді және орта мерзімді перспективада шетелдік инвестициялардың тұрақты ағымының маңыздылығын атап көрсетеді.

Өндіруші сектор өнеркәсіптің 50%-ын құрайтындықтан, Қазақстан әлемдегі энергияны көп қажет ететін елдердің бірі болып қала береді. Электр энергиясын өндірудің шамамен 70%-ы әлі де көмірге тәуелді. Көмір жобаларын қаржыландырудан толық бас тарту және назарды табиғи газ бен мұнай өнімдерінен сутекті пайдалануға ауыстыру таяу перспективада көмірсутектерді экспорттаушы елдерге елеулі әсер етеді. Энергия ресурстарының әлемдік экспортында Қазақстан елеулі орын алады және оларға сұраныстың азаюы елдің бүкіл экономикасы үшін сын-тегеурін болып табылады.

Қазақстанның энергетикалық секторында компаниялардың шығындылығына, жабдықтар мен желілердің үлкен тозуына, тариф белгілеу кезінде мүмкіндігі шектеулі кадрлардың жоғары ауысуына, бизнес пен әлеуметтік саланы дамытуға арналған тарифтерде пайданың болмауына, жалақының төмен болуына байланысты елеулі проблемалар қордаланды.

Қазақстандағы энергетика саласын түрлі мемлекеттік органдар реттейді. Бүгінгі таңда Қазақстан үшін республиканың энергия кешенін дамытуды жоспарлауға жүйелі тәсілді қолдану ерекше өзектілікке ие.

Реттеудің көп бағытты моделін сақтай отырып, жалпы ел мен энергетиканы ең жағымсыз сценарийлер күтуде, олардың ішінде саланың түпкілікті тозуы және энергияға тәуелділіктің толық жоғалуы, халықаралық міндеттемелердің орындалмауы (мысалы, Климат жөніндегі Париж келісімі) болуы мүмкін.

1999 жылғы 7 қаңтарда үкіметтік емес, коммерциялық емес ұйым ретінде құрылған «Қазақстан электр энергетикалық қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі (Қауымдастық немесе ҚЭҚ) өз клиенттері алдындағы жауапкершілігін сезіне отырып, энергетика саласының өкілдері мен мемлекеттік органдар арасындағы диалог арқылы субъектілерге тәуелсіз тәуекелдерді жою үшін бар күш-жігерін жұмсайды.

Қауымдастық «AMANAT» партиясы және «Атамекен» ҰКП жанындағы энергетика комитеттерінің алаңдарында, сарапшылардың, кәсіпкерлердің, мемлекеттік органдар, ірі корпорациялар мен өңірлік кәсіпорындар өкілдерінің қатысуымен мемлекеттік органдардың жұмыс топтарында энергетика саласындағы: электр энергетикасы саласындағы заңна-

маны жетілдіру бойынша, оның ішінде мемлекеттік органдар арасында өкілеттіктерді бөлу және техникалық нормалар мен нормативтерді бекіту және келісу, кемсітусіз қол жеткізудің техникалық шарттарын айқындау, лицензиялауды жүзеге асыру бойынша бірқатар функцияларды салалық министрлікке қайтару бойынша проблемаларды талқылайды. Бүгінгі таңда қауымдастық электр және жылу энергиясын өндіруді, беруді және жеткізуді қоса алғанда, энергетика саласындағы 100-ден астам ұйымды біріктіреді: өңірлік электр желілік компаниялар, өндіруші компаниялар, жүйелік оператор, орталықтандырылған сауда операторы, негізгі салалық ғылыми-зерттеу және жобалау институттары, энергетикалық жабдық өндірушілер, АҚШ Энергетикалық қауымдастығы және т.б.

Біздің ойымызша, энергетика саласы үшін мынадай қағидатты ұстанымдарды атап көрсетуге болады: елдің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, климат бойынша халықаралық міндеттемелерді орындау, энергетиканы жаңғырту және дамыту, ағымдағы тарифтік реттеу проблемаларын шешу.

Біз табиғи монополиялар субъектілерінің (ТМС), сондай-ақ энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың проблемалық мәселелерін шешу арқылы энергетика саласын дамытуға көзделеміз. Мүдделі тұлғалармен бірлесіп мемлекеттік органдарға электр энергетикасы, табиғи монополиялар және қоғамдық маңызы бар нарықтар, салық салу, энергия үнемдеу, өрт қауіпсіздігі, жаңартылатын энергия көздері, экология мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша ұсыныстар қалыптастырылады және жолданады.

Бүгінгі күні қауымдастық жылумен жабдықтау туралы бейінді заңды әзірлеу, энергетика саласындағы ҚР Экологиялық кодексінің нормаларын орындаудың проблемалық мәселелерін шешу, Қазақстан энергетикасын дамыту стратегиясын ҚР қалалары мен облыстарын дамытудың бас жоспарларына сәйкес құрамдастырылған генерациялау станцияларын (ЖЭО) дамыту жөніндегі жеке бағдарламамен бастамашылық ету, әзірлеу және қабылдау бойынша белсенді жұмыс жүргізуде, себебі бұл стратегия энергетика саласындағы ҚР Экологиялық кодексінің нормаларын орындаудың өзекті ЖЭО ретінде өңірлерді жылу энергиясымен қамтамасыз ететін әлеуметтік маңызы бар объектілер болып табылады.

Біз кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша мемлекеттік уәкілетті органдардың атына бірқатар ұсыныстар әзірледік, оларды іске асыру энергетика саласы үшін ТМС проблемалық мәселелерін шешуге мүмкіндік береді, оның ішінде өндірістік персоналдың жалақысын ұлғайту (субъект персоналының нормативтік санын және бір жыл ішінде статистика деректері бойынша қалыптасқан орташа айлық жалақыны негізге ала отырып), ТМС шеккен барлық негізделген шығындарды тарифтерге енгізу (желілерді меншікке немесе сенімгерлік басқаруға қабылдау кезінде, корпоративтік табыс салығын есепке алу кезінде және т.б.), ЖЭК дамыту, экологиялық ресурстарды іске асыру бөлігінде энергетикалық салаға теріс әсер етпей бастамалардың болуы. 



ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТЕРДІҢ САЛАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ: ЭЛЕКТР ЭНЕРГЕТИКАСЫН БІРЛЕСІП ДАМУ



Алексей Доронин,
Стратегия және даму жөніндегі
басқарушы директор,
ТҚСО директоры



Танаис Медетбекова,
деректерді жинау және стратегиялық зерттеулер
бойынша жетекші менеджер

“ Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің
Электр энергетикасы саласындағы технологиялық
құзыреттердің салалық орталығы (ТҚСО) Мемлекет
Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы
бойынша «КОРЭМ» АҚ базасында бір жыл бұрын
құрылды. ”

Бұл ретте, ТҚСО-ға жобаларды іске асыруда жетекші жоғары оқу орындарының, ҒЗИ, электр энергетикасы саласындағы жетекші ОТӨ және мемлекеттік құрылымдардың тиімді өзара іс-қимылын қамтамасыз ету жолымен Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласын дамытуға жәрдемдесу жүктелді. Салалық орталық күтілетін өзгерістерді айқындау жолымен саланың кадрлармен қамтамасыз етілуіне жәрдем көрсетуі, білім беру платформаларын әзірлеуге, инновациялық саясатты іске асыруға және электр энергетикасы субъектілерін, ғылыми қоғамдастықты, ОТӨ, инвесторлар мен мемлекеттік құрылымдарды үйлестіруге қатысуы, салалық конференциялар, дөңгелек үстелдер, форумдар, вебинарлар, дәрістер, семинарлар және басқа да білім беру іс-шараларын өткізуге жәрдемдесуі тиіс.

Қызметтің негізгі бағыттары төрт векторды анықтайды. Ең алдымен, бұл - «Құқықтық өріс», «Ұйымдық құрылым» және «Технологиялық платформа» жағдайларын жасау арқылы мемлекет, кәсіпкерлік субъектілері, ғылым және азаматтық қоғам арасындағы коллаборацияны ұйымдастыру.

Екіншіден, электр энергетикасы саласындағы кәсіби кадрларды дамытуды қызметкерлер мен кәсіп құзыреттерінің күтілетін өзгерістерін айқындау, стандарттар мен білім беру бағдарламаларын әзірлеуге қатысу арқылы саланың кадрлық қамтамасыз етілуіне жәрдемдесу үшін Learning Management System (LMS) – платформа құру негізінде жүзеге асыру жоспарланып отыр.

Үшіншіден, Research & Development (Зерттеулер мен әзірлемелер) ТҚСО-ның инновациялық саясатты әзірлеуге қатысуын және электр энергетикасы субъектілерін, тұтынушыларды, ғылыми және білім

беру ұйымдарын, отандық өндірушілерді, инвесторлар мен мемлекеттік құрылымдарды үйлестіруді іске асыруды ұйымдастыруды көздейді. Төртінші бағыт - Energy Events - тәжірибе алмасуды көздейді.

КОЛЛАБОРАЦИЯНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Мемлекет, кәсіпкерлік субъектілері, ғылым және азаматтық қоғам арасында коллаборацияны қамтамасыз ету үшін құқықтық алаңды құру шеңберінде ҚР Энергетика министрінің 06.09.2021 жылғы №283 бұйрығымен өкілеттіктерді, құқықтар мен міндеттерді регламенттейтін ТҚСО туралы ереже әзірленіп, бекітілді. Бұдан басқа, жоспарлау, жобалық басқару бойынша құжаттар әзірленіп, қабылданды, әр түрлі ережелер мен меморандумдар, Astana Hub алаңында конкурстар өткізу қағидалары және т.б. бекітілді.

Бизнес-қоғамдастықтың, қауымдастықтардың және басқа да заңды тұлғалардың мемлекеттік билік органдарымен тиімді өзара іс-қимылы үшін қойылған міндеттерді іске асыру бойынша міндеттерді шешу үшін ТҚСО құрамында электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығын, орталықтандырылған сауда нарығының операторларын, сауда алаңын дамыту, тұтынушыларды электрмен жабдықтаудың сенімділігін, қауіпсіздігі мен сапасын арттыру, сондай-ақ электр энергиясының құнын қысқарту үшін қажетті орталықтандырылған сауда нарығының жұмыс істеуінің ақпараттық қауіпсіздік жүйелерін дамыту және/немесе құру бойынша үш ОКҚ құрылды.

Технологиялық мониторинг бойынша Орталық коммуникациялар қызметі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №727 қаулысымен бекітілген «Цифрландыру, ғылым және инновациялар есебінен технологиялық серпіліс» ұлттық жобасын іске асыру бойынша міндеттерді шешуге арналған.

Осылайша, ОКҚ бағыттарды іске асыру бойынша тұрақты жұмыс істейтін ТҚСО органдарына айналды.

Үшінші ОКҚ электр энергетикасы саласының кадрлық әлеуетін дамытуға ықпал етеді.

Әрбір ОКҚ құрамына электр энергетикасы саласындағы компаниялардың, қауымдастықтардың, вендерлердің, ғылыми қоғамдастықтың (ЖОО) өкілдері және тәуелсіз сарапшылар кірді. ҚР Энергетика министрлігі басшылығының қатысуымен ОКҚ қызметінің ұйымдастырушылық мәселелерін, ТҚСО жұмысының нәтижелерін және бағыттар бойынша проблемалық мәселелерді талқылау бойынша бейнеконференция режимінде кеңестер өткізілді. Кеңес қорытындысы бойынша жұмысты одан әрі жүргізу үшін қатысушылардың пікірлері мен көзқарастарын анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді.

Осылайша, ОКҚ бағыттарды іске асыру бойынша тұрақты жұмыс істейтін ТҚСО органдарына айналды. Донорлардың өкілдерімен БКБ режимінде жүйелі түрде бетпе-бет кездесулер мен кеңестер өткізілді. Тетратек (USAID), PWC, AFD, AIKON, E2 Energy сияқты бірқатар компаниялармен ынтымақтастық туралы және ақпаратты жарияламау туралы меморандумдар жасалды, бұл жобаларды қолдауды және ақпарат алмасуды сәтті жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

ТҚСО ЖОБАЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУ

2021 жылғы 7 қазанда Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев елдегі өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған «ұлттық жобалардың» тізбесін бекітті. Олардың екеуі республиканың электр энергетикасы саласын цифрландыруға бағытталған іс-шараларды көздейді: «Цифрландыру, ғылым және инновациялар есебінен технологиялық серпіліс» ұлттық жобасы және Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жоба.

«Генерацияның цифрлық картасы» жобасын іске асыру толық паспорттаумен және жөндеу регламенттерін басқару үшін функционалмен электр генерациялайтын ұйымдардың жабдығы паркінің жай-күйін мониторингтеу үшін платформалық шешім енгізуді көздейді.

Электр энергиясын есепке алу және шығындар мониторингі жүйесінің жобасы бойынша жұмыс «Smart Grid» тұжырымдамасын әзірлеуді, Нұр-Сұлтан қаласы бойынша пилоттық іске асыруды, Smart metering технологиясы (энергия ресурстарын ақылды есепке алу), коммуникация жүйелері үшін стандарттар әзірлеуді қамтиды.



Бұған энергия кәсіпорындары объектілері үшін деректерді беру инфрақұрылымымен қамтамасыз ету және деректерді бірыңғай цифрлық платформаға және SCADA жүйесіне бере отырып, көтерме және бөлшек сауда нарығының субъектілерін электр энергиясын коммерциялық есепке алудың цифрлық жүйелерімен және телеметрия жүйелерімен жабу жатады.

Электр энергиясын тұтынушылар үшін цифрлық кабинетті құру және енгізу маңызды. Гидроэлектрдің цифрлық картасы жобасы Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары 2020 жылғы 4 қыркүйекте бекіткен Қазақстан Республикасының гидроэнергетикалық саласын дамытудың 2020-2030 жылдарға арналған жоспарының іс-шараларын іске асыруға бағытталған.

«ГЕНЕРАЦИЯНЫҢ ЦИФРЛЫҚ КАРТАСЫ» ЖОБАСЫ

«Генерацияның цифрлық картасы» жобасының мақсаты қызмет көрсету мен жөндеуге арналған жоспарлы тоқтап қалудың жол берілетін деңгейі кезінде техникалық дайындық коэффициентін қолдау есебінен өндірісті барынша жүктеу мүмкіндігін қамтамасыз ететін негізгі өндірістік қорларды пайдалану режимін ұйымдастыру болып табылады.

«Генерацияның цифрлық картасы» жобасы жөндеу және инвестициялық бағдарламалардың орындалуы, жабдықтың жүктелуі туралы деректерді алу процесін автоматтандыруға; техникалық жай-күй индексі анықтауға; өндірістік жабдықты жаңғыртуды нүктелі бюджеттеуді негіздеуге; орнатылған және қолда бар қуаттар арасындағы айырманы қысқартуға; генерациялайтын объектілер жабдықтарының техникалық сенімділігін арттыруға; технологиялық бұзушылықтар мен жедел хабарламалар бойынша есептер ұсынуға; барлық станциялардың Status Twin прототиптерін жасауға бағытталған.

2021 жылдың қорытындысы бойынша Қоғам «Генерацияның цифрлық картасы» жобасы бойынша белгілі бір жұмысты орындады. Осылайша, жабдықтар есепке алу және техникалық жай-күйін қадағалау процесін қамтамасыз ететін процестер мен құралдар туралы бастапқы деректерді анықтау тұрғысынан генерациялайтын станцияларға сауалнама жүргізудің бастапқы кезеңі жүргізілді. Деректер барлық станциялардан алынды және өңделуде. «Астана-Энергия» АҚ және «УКГЭС» ЖШС станцияларында жұмыс топтарын құру үшін ресми хаттар жіберілді. Екі станцияда да жұмыс топтары құрылды және бекітілді.

Сондай-ақ, «УКГЭС» ЖШС негізгі және қосалқы жабдықтары бойынша барлық ұсынылған материалдар пысықталып, зерделенді, жөндеу қызметін қамтамасыз ету бойынша бизнес-процестерге егжей-тегжейлі талдау жүргізілді. Қазіргі уақытта толық паспорттауды ұйымдастыру бойынша жұмыстар жүргізілуде, оның аясында толтыруға арналған сауалнамалардың үлгілері қалыптастырылады, барлық қолданыстағы станциялардың ерекшеліктері зерттеледі және технологиялық және құрылымдық жағынан бірдей жабдықты іздейді. Генерациялайтын ұйымдардан АЭҚБК алатын есептердің барлық түрлері пысықталды және цифрлық форматқа ауыстырылды.

«Астана-Энергия» АҚ жабдықтарының толық иерархиясы құрылды, «Астана-Энергия» АҚ және «УКГЭС» ЖШС негізгі және қосалқы жабдықтарын паспорттау жүргізілді. «Астана-Энергия» АҚ және «УКГЭС» ЖШС бойынша техникалық құжаттаманың электрондық мұрағаты әзірленіп, қалыптастырылды.

«ҚР электр энергиясын генерациялау объектілерінің цифрлық картасы» жобасын іске асыру тұжырымдамасы және процестерді цифрландыру бойынша бағдарламалық қамтамасыз етуге қойылатын негізгі талаптар әзірленді. Станция бейінінің макеттері жасалды;

2022-2023 жылдарға 59 объектіде техникалық аудит жүргізу, деректерді жүйеге ұсыну бөлігінде нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер енгізу жоспарлануда (есептілік нысанын, деректерді беру регламенттерін бекіту, есепке алу аспаптарынан деректерді беруді бақылау жөніндегі шараларды күшейту). Генерацияның цифрлық картасының бағдарламалық қамтылымын өнеркәсіптік пайдалануға енгізу, сондай-ақ деректер алу үшін энергия өндіруші ұйымдардың жүйелерімен интеграциялауды жүзеге асыру жоспарлануда.

Энергия өндіруші ұйымдардың техникалық аудитін жүргізу Дүниежүзілік банк ашқан және қаржыландыратын жоба бойынша жүзеге асырылады. Жобаның атауы: «Қазақстан үшін таза энергияны дамыту стратегиясы мен желінің тұрақтылығын қолдау үшін энергожүйе желісін талдау».

Осы уақытқа дейін Қоғам Дүниежүзілік банктің (бұдан әрі - ДБ) сайтында тіркеу жүргізді және растау алды; жобаны қаржыландыру үшін банктік деректер жіберілді, тексеру жүргізілді және шоттың тіркелуі расталды; техникалық ұсыныс (бұдан әрі - ТҰ) дайындалды, жобаға қатысушылар қол қойды және ДБ консультанты

тексерді, ДБ кеңсесіне жіберілді; қаржылық ұсыныс (бұдан әрі – ҚҰ) дайындалды.

ДБ-мен техникалық аудит жүргізуде консультанттарды үйлестіру жөніндегі жұмысты жүргізуге шарт жасасу; банктің консультанттарды таңдауы; технологиялық аудит жүргізу процесінде консультанттардың жұмысын ұйымдастыру; жобаның бастапқы сатысын жабу жоспарлануда.

Сондай-ақ консультанттарға арналған құжаттар, техникалық аудит алгоритмі (бұдан әрі – ТАА), ТАА бойынша консультанттардың жұмыс кестесі әзірленді. Аталған құжаттар жоба басталғаннан кейін консультантпен келісіліп, пысықталады.

ТҰТЫНУШЫНЫҢ ЦИФРЛЫҚ КАБИНЕТІН ҚҰРУ

Тұтынушының цифрлық кабинетін құру жөніндегі жоба Үкімет бекіткен бірқатар іс-шараларды іске асыруға бағытталған. Тұтынушының цифрлық кабинетін құру жөніндегі жобаның негізгі мақсаты баға белгілеудің бұрмалануын жою шеңберінде электр энергетикасы саласындағы нарықтарға қолжетімділікті қамтамасыз етуге бағытталған Қазақстанның электр энергиясы нарығындағы бәсекелестікті кешенді дамыту болып табылады.

Осы жоба шеңберінде электр энергиясын жеткізушіні ауыстыру үшін онлайн цифрлық платформаны енгізу; орталықтандырылған сауда-саттықта өткізілетін электр энергиясының көлемін сатудың жалпы көлемінен ұлғайту; электр энергиясын баламалы жеткізушілерге өткен тұтынушылардың үлес салмағын арттыру бойынша міндеттер шешілуі тиіс.

Қазіргі уақытта ТҚСО электр энергиясының соңғы тұтынушыларын энергиямен жабдықтауды ұйымдастыру саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасына талдау жүргізді. Энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың қызметін цифрландыру бойынша әлемдік тәжірибе зерделенді. Тұтынушының цифрлық кабинетін құру бойынша жоба әзірленді. Ағымдағы жылы сондай-ақ құрылған ОКҚ аясында тәуелсіз сарапшылармен жоба бойынша проблемалық мәселелерді талқылау жоспарлануда. ҚР қолданыстағы заңнамасына ұсыныстар мен толықтырулар әзірленуде. Тұтынушының цифрлық кабинетінің бағдарламалық қамтамасыз етуін әзірлеу басталды.

ГИДРОЭЛЕУЕТТІҢ ЦИФРЛЫҚ КАРТАСЫН ЖАСАУ

Гидроэнергетикаға инвестициялар тарту үшін ақпараттық платформа құру арқылы гидроэнергетикалық саланы дамытуға жәрдемдесу Гидроэнергетикалық әлеуеттің цифрлық картасын жасау жөніндегі жобаның мақсаты болып табылады.

Гидроәлеуеттің цифрлық картасын жасау жөніндегі жобада Қазақстан Республикасы



өзендерінің тиімді физикалық гидроәлеуетін айқындау көзделген. Инвесторлар іске асыратын ГЭС құрылысы жобаларының тізбесімен онлайн карта жасау. Онлайн-картаға енгізілген жобаларды іске асыру мәртебесі туралы ақпаратқа қолдау көрсетіледі. Электр желілік инфрақұрылымның орналасуы, жүктемесі және даму жоспарлары туралы; ГЭС перспективалы жобаларына арналған жерлердің мәртебесі туралы; ГЭС жобалық аукциондарына арналған алаңдарды таңдау туралы ақпарат көрсетіледі және қолдау көрсетіледі. Сондай-ақ, гидроэнергетиканы дамытудың бас жоспарын құру үшін ақпаратты дайындау жүргізілуде.

Атқарылған жұмыстарға келетін болсақ, ҚР Энергетика министрлігінің сұраулары бойынша ГЭС-ті қосуға берілген техникалық шарттар, БЭСК (ШҚ АЭК), ТАЭТК және АЖК электр желілерінің карта-схемалары бойынша ақпарат алынды. Онлайн-картаға енгізу үшін көптеген инвесторлардан ГЭС жобаларының техникалық-экономикалық көрсеткіштері бойынша ақпарат алынды. 1:50000, 1:25000 масштабтағы; су-энергетикалық кадастрдың қор материалдары және ҚазКСР жер үсті суларының ресурстары бойынша, «Қазгидромет» РМК гидростарындағы су ағыны бойынша, «Қазсушар» РМК гидротараптарындағы су ағыны бойынша карталар алынды.

Алынған ақпаратты талдау және пысықтау негізінде 54 өзен бассейні мен ағындары бар 2070 өзен анықталды, Оңтүстік-шығыс Қазақстан – Текес, Шарын және Шелек өзендерінің бассейндері бойынша және Шығыс Қазақстан – Оба және Үлбі өзендерінің бассейндері бойынша өзендердің гидрологиялық желісі келтірілді. Цифрлық карта



үшін деректер қорының конфигурациясы анықталды, пайдаланушылар мен олардың рөлдерін анықтау, талқылау және техникалық тапсырма әзірлеушілерге жеткізілді.

Гидроәлеуеттің цифрлық картасының бағдарламалық қамтылымының прототипі жасалды және Текес, Шарын, Шелек өзендерінің 3-бассейнінде өзендердің гидрологиялық желісі туралы ақпарат енгізілді. Өзендерді биіктік айырмасының шамасын, ағын нормасын, гидроэнергетикалық әлеуетті есептеумен учаскелердің ұзындығын және т.б. анықтай отырып, учаскелерге бөлу жүргізілді.

2021 жылдың соңында Генерациялаудың цифрлық картасын құру бағдарламалық қамтылымы пилоттық режимде іске қосылды және келесі ақпараттық қабаттардан тұрады:

– Өзендер бойынша деректер (Координаттар,

учаскелер, гидробекеттер, гидротораптар).

– Желілер мен инфрақұрылым бойынша деректер (Қосалқы станциялар, желілер (ЭБЖ), жолдар, коммуникациялар).

– Деректерді жинау ортасы (Деректерді үздіксіз байыту және өзектендіру).

– Кері байланыс (Инвесторларды ақпараттық қолдау құралдары).

UNICASE (USAID) компаниясымен ынтымақтастық шеңберінде ГЭС құрылысына жер бөлу мәселелері бойынша ҚР жер заңнамасын зерттеу бойынша жұмыс жүргізілуде. Осы жұмыстың қорытындысы бойынша ГЭС құрылысына инвестициялық жобаларды іске асыру үшін жер бөлу, пайдалану және қайтару мәселелері бойынша ҚР қолданыстағы жер заңнамасына өзгерістер енгізу бойынша ұсыныстар әзірленеді.

КӘСІБИ КАДРЛАРДЫ ДАМУ

Кәсіби кадрларды есепке алу және дамыту жөніндегі салалық платформаны (LMS) құру цифрлық экономиканы құзыретті кадрлармен қамтамасыз етуге тиіс білім беру жүйесін жетілдіруге жәрдемдесуге бағытталған. Ол білім беру бағдарламаларын жаңғыртуды және мамандарды даярлауды, жаңа білім беру бағдарламаларын жобалауды, қосымша кәсіптік білім беру бағдарламаларын әзірлеуді және іске асыруды қамтиды. LMS платформасы екі негізгі функцияны біріктіреді:

1. Тікелей электр және жылу энергетика саласы үшін кәсіби техникалық мамандардың біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу;
2. Электр энергетикасы субъектілерінің кәсіптік техникалық мамандарды есепке алуын және біліктілікті арттыру курстарын жоспарлауды жүзеге асыру

Осы бағыт бойынша бүгінгі күні қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру тәжірибесін және өзара тиімді ынтымақтастықты зерделеу мақсатында АХҚО Үздіксіз кәсіби даму бюросымен (BCPD) бірқатар кездесулер өткізілді. USAID және AFD өкілдерімен олар жүзеге асыратын бағдарламалар шеңберінде білім беру контентін дайындауға көмек көрсету мүмкіндіктерін анықтау мақсатында кездесулер өткізілді. Озық білім беру платформаларын зерделеу жүргізілді және LMS платформасына арналған техникалық тапсырма әзірленді.

Электр энергетикасы саласының кадрлық әлеуетін дамыту бойынша құрылған Орталық коммуникациялар қызметінің шеңберінде электр энергетикалық компаниялар мен ЖОО HR бөлімшелерінің сарапшы-қызметкерлерін тарта отырып, олар бойынша салмақталған позицияны анықтау үшін ТҚСО ұсыныстарын талқылау жоспарлануда. 

Ол білім беру бағдарламаларын жаңғыртуды және мамандарды даярлауды, жаңа білім беру бағдарламаларын жобалауды, қосымша кәсіптік білім беру бағдарламаларын әзірлеуді және іске асыруды қамтиды.



QAZAQ GREEN: ЭКСПЕДИЦИЯСЫ:

ЭКОНОМИКАНЫҢ «ЖАСЫЛ»
ӨСУІНЕ ҚАЛАЙ ЖОЛ САЛУҒА БОЛАДЫ





QAZAQGREEN ҚАУЫМДАСТЫҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАҢАРТЫЛАТЫН ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІ САЛАСЫНДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ТАЛҚЫЛАУ ҮШІН «БҰЙРАТАУ» ТАБИҒИ ПАРКІНЕ 50 МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ ЖЕКЕ КОМПАНИЯЛАРДЫҒЫ ӨКІЛДЕРІМЕН ЖӘНЕ САРАПШЫЛАРМЕН ЕКІ КҮНДІК ЭКСПЕДИЦИЯ ҰЙЫМДАСТЫРДЫ.



ЖЭК – БОЛАШАҚ ЕМЕС, ОСЫ ШАҚ

Осы сапарға қатысушылардың мақсаты - саладағы проблемалар бойынша пікір алмасу және ЖЭК-ті дамытуға жаңа серпін беру жолдарын талқылау.

Экспедиция Ақмола облысындағы ЖЭК екі нысанын – «Астана ЭКСПО-2017» жел электр станциясын және «Бірінші жел электр станциясын» аралаудан басталды.

Біріншісі астанаға өте жақын - қала шегінде орналасқан деп айтуға болады. Оны «ОАЭК» энергетикалық холдингінің еншілес ұйымы «ЦАТЭК Green Energy» компаниясы салған. Бірінші кезек 2017 жылы, екіншісі – 2020 жылы іске қосылды, ал қазір станцияның жалпы қуаты 100 мегаватты құрайды.

Жобаның құны 45,1 млрд теңгені құрады, оның 30,5 млрд теңгесін Қазақстанның Даму Банкі мен оның еншілес құрылымдарының қарыз қаражаты құрады.

Мұнда «жасыл» энергетикаға арналған технологиялардағы әлемдік көшбасшылардың бірі – VESTAS компаниясы өндірген турбиналары бар 29 «жел диірмені» орнатылған.

Жоба шынымен ауқымды болды. Мысалы, турбиналар астананың жанына орнатылғанға дейін теңіз арқылы тасымалдаумен бірге 5 мың шақырым жүрді. Жел мұнарасын орнату үшін 700 тонналық кран қажет болды, оны 40 жүк көлігі бөлшектеп әкелді. Әр мұнараның биіктігі – 64 метр, ал қалақтардың ұштары құрайтын шеңбердің диаметрі – 100 метр. Басқаша айтқанда, әр жел диірменінің максималды биіктігі 100 метрден асады.

Бір генератордың қуаты – 3,45 мегаватт. Басқару өте технологиялық: диспетчерлік орталықтан нақты уақытта желдің жылдамдығы мен энергия генерациясының көлемін бақылауға, сондай-ақ кез келген тораптың күйін бақылауға болады.





Турбиналар автоматты түрде реттеледі және желдің жылдамдығы секундына 25 метрден асқан кезде тоқтайды, сондықтан жабдық шамадан тыс жүктемеден тозбайды.

Qazaq Green экспедициясының қатысушылары барған басқа ЖЭК объектісі - «Бірінші жел электр станциясы» да Қазақстанда жасыл энергетиканы дамытуға өз үлесін қосуда.

Ерейментау маңында орналасқан бұл ЖЭС-тің белгіленген қуаты 45 мегаватты құрайды, оны

әрқайсысы 2 мегаваттан 22 қондырғы өндіреді.

Мұнда жел диірмендері біршама жоғары: мұнараның биіктігі – 85 метр, ал қалатардың биіктігі – 93 метр.

Бұл станция жылына 170 млн киловатт-сағат электр энергиясын өндіреді, ал іске қосылған сәттен бастап ол Қазақстанның энергия жүйесіне 1,2 млрд киловатт-сағаттан астам энергия берді. Ауқымды түсіну үшін: орташа есеппен алғанда, бір қазақстандық 2021 жылы 6 мың



киловатт-сағат электр энергиясын тұтынған, яғни 170 млн киловатт-сағат біздің 30 мыңға жуық отандастарымыздың барлық «электронды құрылғыларына» жететін еді.

ДАЛА ӨТКЕЛІ

Дала жолымен ондаған көліктер баяу жүрді. Ерейментау - Ақмола облысындағы шағын қала – артта қалып, автокөлік керуенінің алдында «Бұйратау» табиғи паркінің пейзаждары ашылды. Карта бой-

ынша жел электр станциясынан «Бұйратау» табиғи паркіне дейінгі жол қысқа көрінді – далалы қара жолмен бірнеше ондаған шақырым ғана. Әдетте, бұл жол бір сағаттан аспайды, бірақ қатты жаңбырдан кейін жер батпақтанып, тар жолда ондаған автомобильдердің бағанасы бойлай созылды.

Қуанышқа орай, барлығы дерлік жол талмағайтын көліктерде болды, бұл суға толған ойпаттар мен терең жолтабандардан аман өтуге мүмкіндік берді.





Тіпті, кедергілерді жеңуде әлдекім үшін қиындықтар туса да, экспедицияның басқа мүшелері тез бағдарланып, кептелген көліктерді шығаруға көмектесті.

Бірақ мезгіл-мезгіл аспаннан жауған жаңбыр мен осы проблемалардың барлығын «Бұйратау» саябағының көрінісі өтеді. Жиын орнына келгеннен кейін экспедиция қатысушылары ең бастысы – жаңартылатын энергетикадағы жағдайды талқылауға кірісті.

ТАЛҚЫЛАНҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Нарық қатысушылары ЖЭК дамуын ынталандыру үшін нарықтағы энергия саудасының тетіктерін жетілдіру қажет деп сенімді. Іс жүзінде бұл «Екіжақты келісімшарттар бойынша ЖЭК жобаларын іске асырудың перспективалары мен проблемалары» талқылауының орталық тақырыбына айналды.

ЖЭК объектілері де, «жасыл» энергияны тұтынушылар да өздерінің «экономикасын» болжау үшін ойынның түсінікті ережелерін қажет етеді. Мысалы, экспорттаушылар үшін

көміртегі ізін азайту үшін қанша таза энергия сатып алатындығын түсіну керек, сондықтан көміртекті қатаң реттейтін елдерде шетелде артық салық төлемеу керек. Бірінші кезекте бұл, мысалы, Еуропалық одақ елдерінде алдағы уақытта көміртегі салығын енгізуге қатысты.

Талқылауға Qazaq Green жаңартылатын энергетика қауымдастығының, «ҚазМұнайГаз», КОРЭМ, KEGOC, «АрселорМиттал Теміртау», «ЦАТЭК Green Energy», ERG және басқа да компаниялардың өкілдері белсенді қатысты.

Энергетиканың осы саласының ғана емес, Қазақстанның экспорттық әлеуетінің де болашағы ЖЭК-ті реттеудің қандай болуына байланысты.

ААЛ БҰЛ ҚАЗАҚСТАНҒА НЕ ҮШІН ҚАЖЕТ?

Көмірдің үлкен қоры – электр генерациясы үшін арзан шикізаттың болуына қарамастан, Қазақстан өз алдына энергожүйесінде ЖЭК өндірген энергия үлесін айтарлықтай арттыру өршіл мақсатын қойып отыр.

Энергетиканың осы саласының ғана емес, Қазақстанның экспорттық әлеуетінің де болашағы ЖЭК-ті реттеудің қандай болуына байланысты.

Мысалы, Жасыл экономикаға көшу жөніндегі тұжырымдамада (2013 жылғы) энергетика саласы қоршаған ортаға әсерді төмендету жолында қол жеткізуі тиіс нақты индикаторлар айқындалған. 2020 жылға қарай электр энергиясын өндірудің жалпы көлеміндегі ЖЭК үлесі 3%-ға, 2030 жылға қарай – 15%-ға, ал 2050 жылға қарай баламалы көздермен бірге бүкіл электр энергиясын өндірудің жартысына жетуі тиіс еді.

2020 жылдың мақсатына қол жеткізілді:

2021 жылы Қазақстанда жаңартылатын энергия көздерінде электр станцияларының жалпы белгіленген қуаты 2 гигаваттан асты, ал ел бойынша электр энергиясын өндірудегі ЖЭК үлесі 3,6%-ға жетті.

Жалпы, бұл сала қарқынды дамып келеді: 2014 жылдан бастап 2021 жылға дейін ЖЭК объектілерінің белгіленген қуаты 11 есеге жуық – 177,52 мегаваттан 2 гигаваттқа дейін өсті. Өткен жылдың соңына қарай Қазақстанда жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын 134 нысан жұмыс істеді.

Бүгінде Қазақстан үшін ЖЭК дамыту – бұл қажеттілік, деп есептейді экономист Олжас

Құдайбергенов. Мұның бірнеше негізгі себептері бар.

Біріншіден, 2025 жылдан бастап Еуропалық одақтың ережесі күшіне енеді, ол трансшекара-лық көміртекті реттеу механизмін, яғни им-портқа көміртегі салығын енгізуді көздейді.

«Бұл біздің экономикамыз бен энергия сала-мыздың кейбір түрленуін, соның ішінде жаңар-тылатын көздердің үлесін ұлғайтуды көздейді», – деп атап өтті Олжас Құдайбергенов.

Екінші себеп – Қазақстанда ЖЭК-тің жаңа қуаттарын еңсеруге көмектесетін энергия тапшылығын сақтау. Бұл ретте әзірге мұндай электр станциялары, ең алдымен, қолда бар көмір генерациясын алмастырмай, экономи-ка мен халық тарапынан электр энергиясына өсіп келе жатқан сұранысты қамтамасыз ететін болады.

Qazaq Green қауымдастығы Директорлар кеңесінің төрағасы Нұрлан Қапенов мұндай іс-шаралар энергия саласына қатысушылардың нетворкингі үшін қажет екенін түсіндіреді:

«Жалпы қазір Қазақстанда ЖЭК дамыту тоқта-тылды. Қарама-қайшылықтар бар: ел Президенті





2060 жылға қарай көміртегі бейта-раптығына қол жеткізу қажеттілігі туралы айтады, Энергетика мини-стрлігі болжамдық балансты әзірлеуде, онда 2035 жылға дейін гидроэнергетикада алты гигаватт және екі гигаватт қуаттарды енгізу туралы айтылады. Бір жағынан, ЖЭК туралы айтылады, ал екінші жағынан, соңғы екі жылда KEGOC компаниясы аукцион арқылы өткендерден басқа ЖЭК объектілері үшін техникалық шарттар берген жоқ», – дейді Нұрлан Қапенев

Оның айтуынша, Қазақстанда қазір электр энергетикасы нарығы, оның ішінде ЖЭК экономикалық тұрғыдан есептелген математикалық модельдермен қалай дамуы керектігі туралы



түсінік қалыптастыратын бірыңғай стратегиялық құжат жоқ. Үкіметте, сондай-ақ саланың өзінде де оның даму перспективаларын түсінбеушілік бар.

«(Нарық қатысушыларында – Авт.) нарық дамиды деген үміт бар. Біз қазіргі жағдайға қарап, «Жоқ, ол дамымайды» дейміз. Экспедиция нарық ойыншыларын жинау үшін өткізілді.

Салаға трансформация қажет екенін барлығы түсінеді. Біз коллаборация, кәсіби нетворкинг жасау үшін нарықты біріктіргіміз келді», – деп атап өтті Нұрлан Қапенев

Qazaq Green Директорлар кеңесі төрағасының пікірінше, экспедиция саланы біріктірудің және оны дамытудың жалпы тәсілдерін әзірлеу бойынша жұмысты ұйымдастырудың алғашқы қадамдарының бірі болды. 



ЖАРНАМАЛЫҚ ЛОКАЦИЯЛАР

ПРЕМИУМ СЫНЫП

Қазақстан Республикасының ең жоғары
жолаушылар ағыны және тиімді нысаналы
аудиториясы бар негізгі объектілерінің
жарнамалық операторы





«Нұрсұлтан Назарбаев
халықаралық әуежайы» АҚ



«Алматы халықаралық
әуежайы» АҚ



«Шымкент халықаралық
әуежайы» АҚ



«Түркістан халықаралық
әуежайы» АҚ



«Ақтау халықаралық
әуежайы» АҚ



«Ақтөбе халықаралық
әуежайы» АҚ



«Көкшетау халықаралық
әуежайы» АҚ



ТЖ вокзалы/Нұрлы
жол/Нұр-Сұлтан 1
Алматы 1/Алматы 2



«Атырау халықаралық
әуежайы» АҚ



+7 776 444 6444
@info.myd.kz
myd.kz
Нұр-Сұлтан қ.,
Жекебатыр к-сі, 31

ENI ЖӘНЕ БҰҰДБ

энергия тиімділігі бойынша инновациялық жобаны аяқтады



Eni компаниясы БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарына (ТДМ) сәйкес, компания миссиясының негізінде жатқан, сондай-ақ оның көміртексіздендіру бойынша өршіл мақсаттарына сәйкес, бүкіл әлем бойынша өзі қатысатын елдерде өмірді жақсартатын жобаларға инвестиция салуға ұмтылады.

Eni Қазақстанда мамыр айында күн панельдерін орнату және еліміздің оңтүстік өңіріндегі Түркістан қаласындағы 1900 оқушыға арналған орта мектепте энергия тиімділігін арттыру бойынша басқа да шаралар жобасын аяқтап, осы қағидатты одан әрі нығайтты.

Аймақтағы қыстың температурасы -9°C -ге жетеді, ал жаз мезгілінде $+30-35^{\circ}\text{C}$ -ден жоғары көтерілетінін ескере отырып, зияткерлік оқшаулау және экологиялық таза энергетикалық шешімдер оқушылар мен қызметкерлер үшін қоршаған орта мен мектептің энергетикалық бюджеті үшін қосымша артықшылықтармен жыл бойы жайлы температураны қамтамасыз етеді.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасымен (БҰҰДБ) және Түркістан облысының әкімімен әріптестікте Eni мектеп үшін қуаты 50 кВт күн электр станциясын орнатуға көмектесті, бұл электр энергиясына және көмірқышқыл газы шығарындыларына жұмсала-тын шығындарды 20%-ға қысқартуға алып келді.

Сонымен қатар, мамандар ғимараттың терезелеріне жылу құрылғыларына термостаттар мен энергия үнемдейтін оқшаулағыш үлдір орнатып, сыртқы және ішкі жарықтандыруды энергияны үнемдейтін жарық-диодты шамдарға ауыстырды және балалар үшін де, мектеп қызметкерлері үшін де ақпараттық науқан өткізді.

Ақпараттық науқан энергия тиімділігі және жаңартылатын энергия көздері бойынша семинарларды, сонымен қатар мектеп пен науқанға қатысушыларға ұсынылған брошюралар, презентациялар мен парақшаларды қамтыды. Семинарларға жалпы 1400 адам, оның ішінде 200 мұғалім және 1200 оқушы қатысты.



► **Лучано Васкес, Епі Орталық Азия аймағы бойынша басшысы**

Бұл жоба «жасыл» энергетика туралы білім деңгейін арттыра отырып және сонымен бір мезгілде басқаларға үлгі бола отырып, жас ұрпақ арқылы Қазақстанның болашағына нақты үлес қосады. Жалпы Епі компаниясының Қазақстанды энергетикалық ауысу жолында қолдауға бағытталған күш-жігері соңғы бірнеше жылда айтарлықтай нәтижелер берді, енді біз бұл күш-жігерді неғұрлым ауқымды мақсаттарға қол жеткізу үшін кеңейтуге ниеттіміз.

► **БҰҰДБ-ның Қазақстандағы Тұрақты өкілі Якуп Бериш** күн электр станциясының ашылуында осы перспективалы жобаның басты мақсаттары туралы былай деді: «БҰҰДБ ретінде біз тұрақты жолдарды іздеуде және негізінде энергетикалық сектордың трансформациясы жатқан төмен көміртекті өсудің нақты стратегияларын айқындауда Қазақстан үкіметін қолдаймыз. Түркістандағы мектепті жаңғырту - ұлттық мақсаттарды қалай оқшаулай алатынымыздың жарқын мысалы. Ең бастысы, жоба жас ұрпаққа қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауға және бұл мәдениетті өз үйлері мен отбасыларына таратуға көмектеседі».

► **Алекс Стиллагато, «Arm Wind» ЖШС басқарушы директоры**

Епі және БҰҰДБ әзірлеген бұл инновациялық жоба көміртексіздендіру жолына бағытталған, өйткені ол жаңартылатын энергия көздерін,

энергия тиімділігі мен таза энергияны біріктіреді, бұл оң модельдің болашақ ізбасарлары мен үдеткіштері бола алатын жаңа ұрпақтардың өміріне әсер етеді. Жалпы, бұл жоба Қазақстан мен басқа елдер үшін маңызды қадам.

Бұл жоба «жасыл» энергетика туралы білім деңгейін арттыра отырып және сонымен бір мезгілде басқаларға үлгі бола отырып, жас ұрпақ арқылы Қазақстанның болашағына нақты үлес қосады.

► **Зарина Темірболатова, құқықтық және корпоративтік мәселелер жөніндегі үйлестіруші**

Біз шын мәнінде бірегей бастаманың негізін қалаған БҰҰДБ-мен әріптестігіміздің нәтижелерін мақтан тұтамыз. Бұл жоба жергілікті оқушылардың «жасыл» технологиялар саласындағы біліміне үлкен әсер етеді және жас ұрпаққа жаңартылатын энергия көздерінің қарқынды дамып келе жатқан секторында өз әлеуетін іске асыру үшін платформа ашады.



► **Ерлан Дайырбеков, БҰҰДБ-ҒЭҚ және Энергетика министрлігінің бірлескен бастамасы бойынша жобаның, БҰҰДБ – Ені Бірлескен бастамасы жобасының ұлттық сарапшысы**

Энергияны үнемдеу мен мектептерді жаңғыртудан басқа, осындай жобалар мектеп оқушылары мен жергілікті қоғамдастықтар арасында жаңартылатын энергия көздері мен энергия тиімділігі туралы хабардарлықты арттыруға және әлеуетті арттыруға көмектеседі. Жаңартылатын энергия көздері саласында энергия тиімді және шағын көлемді жобаларды пайдаланудың көптеген артықшылықтары бар. Мысалы, өндірілетін электр энергиясының құны энергия бағасына тәуелді емес, ал энергияны тұтыну орта және ұзақ мерзімді перспективада төмендейді, бұл, өз кезегінде, ресурстарды үнемдеуге әкеледі.

Ені командасына ынтымақтастық пен техникалық көмек үшін көп рахмет.

► **Федерика Гастальделло, бизнесті дамыту мен интеграциялаудың жергілікті бағдарламалары**

Біздің БҰҰДБ-мен әріптестігіміз – мемлекеттік-жекешелік бірлестіктердің адамдардың өмір сүру жағдайларына, бұл жағдайда мектеп қоғамдастықтарына елеулі ықпал ете алатынының айқын мысалы. Бұл жоба тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге өз үлесімізді қосу

үшін біз БҰҰДБ-мен жалғастырғымыз келетін ынтымақтастыққа жол ашады. Шын мәнінде, бұл жоба тұрақты энергияға қолжетімділікті жақсарту және шығарындыларды азайту арқылы №7 ТДМ-ға қол жеткізуге аз, бірақ айтарлықтай үлес қосады, осылайша Ені ұмтылатын әділ энергетикалық ауысуды жүзеге асыруға көмектеседі. ☞

Жаңартылатын энергия көздері саласында энергия тиімді және шағын көлемді жобаларды пайдаланудың көптеген артықшылықтары бар. Мысалы, өндірілетін электрэнергиясының құны энергия бағасына тәуелді емес, ал энергияны тұтыну орта және ұзақ мерзімді перспективада төмендейді, бұл, өз кезегінде, ресурстарды үнемдеуге әкеледі.

ЖЭК ОБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУІ БОЙЫНША

2022 ЖЫЛҒЫ 1-ЖАРТЫЖЫЛДЫҚТАҒЫ

АҚПАРАТ



Белгіленген қуат, **2330,26** МВт, оның ішінде:

→ жел электр
станциялары

893,95 МВт



→ шағын
ГЭС

280,98 МВт



күн электр
станциялары

1147,51 МВт

← биоэлектр
станциялар

7,82 МВт



Электр энергиясын өндіру **2392,49** млн. кВт сағ. оның ішінде:

→ жел электр
станциялары

1053,78 млн. кВт сағ.

→ шағын
ГЭС

484,963 млн. кВт сағ.

күн электр
станциялары

853,327 млн. кВт сағ.

← биоэлектр
станциялар

0,421 млн. кВт сағ.

Электр энергиясын өндірудің жалпы көлеміндегі
ЖЭК өндіретін электр энергиясының үлесі

4,24%

ЖЭК объектілерінің электр энергиясын өндіруін ұлғайту 2022 жылдың
1-жартыжылдығында 2021 жылдың 1-жартыжылдығымен салыстырғанда

17%-ды құрайды

КӨМІРТЕКСІЗДЕНДІРУ ЖОЛЫНДА:

2020 жылғы бағалау бойынша парниктік газдардың (ПГ) әлемдік эмиссияларының 13,5%-ы кен өндіруге және болат, алюминий, мыс, никель және кобальтты балқытуға тиесілі¹. Жел және күн электр станциялары, гидроэлектростанциялар және электромобильдер сияқты «таза энергия» көздерінің бұл құрамдас бөліктері енді кен өндіру процестерінен бастап соңғы өнімге дейін бүкіл өндірістік-өткізу тізбегі бойында «таза» болуы тиіс. «Тазалық» дәрежесі бірінші, екінші және үшінші санаттағы шығарындылармен анықталады (Score 1, Score 2, Score 3).

Эмиссиялардың қарқындылығы өндіріс көлеміне, нақты өнімге, қолданылатын технологияға және оның энергия тиімділігіне байланысты (1). Осылайша, энергияны тұтынудың 70%-ы көмірге тиесілі болат секторында дәстүрлі оттегі түрлендіргіш пештің көміртегі сыйымдылығы өндірілген өнімнің тоннасына шамамен 2,0 тонна CO₂ құрайды. Салыстыру үшін электр доғалы пеште темірді тікелей қалпына келтіру әдісін қолданған кезде 1,4 CO₂/т, ал сынықтарды қолданған кезде 0,3 CO₂/т шығарылады. Алюминий өндірісінің орташа әлемдік көміртегі сыйымдылығы бір тонна металға шамамен 15,0 CO₂ құрайды, бірақ гидроэлектростанциялардың энергиясына ауысқан кезде 4,0 тонна CO₂ дейін төмендейді. Орта есеппен 2,6 CO₂/т² құрайтын мыстың көміртегі сыйымдылығы жаңартылатын энергияға және карьерлік самосвалдарды электрлендіруге көшу сценарийін іске асыру кезінде 80%-ға төмендеуі мүмкін³.




Виктор Коваленко,
Серіктес, Орталық Азия, Кавказ және Украина елдерінде климаттың өзгеруі және тұрақты даму саласындағы ЕУ қызметтерін көрсету практикасының жетекшісі



Анар Самамбаева,
Қазақстандағы тұрақты даму саласындағы ЕУ қызметтері практикасының консультанты

1-сурет. Металлургиялық өнімнің орташа көміртегі сыйымдылығы

Металлургиялық өнімдердің орташа көміртегі сыйымдылығы



Дереккөз: Transition Pathway Initiative, компанияның жария деректері

ТАУ-КЕН МЕТАЛЛУРГИЯ СЕКТОРЫНДА КӨМІРТЕКСІЗДЕНДІРУГЕ НЕ ТҮРТКІ?

2022 жылғы ЕУ сауалнамасының нәтижелері бойынша тау-кен металлургия секторының халықаралық операторлары негізгі бизнес-тәуекелдер мен мүмкіндіктерді тұрақты дамудың «үш китімен»: экологиялық, әлеу-

меттік және басқарушылық факторлармен (ESG) және көміртексіздендірумен байланыстырады. Соңғы төрт жылдың ішінде ESG сұранысы екі еседен астам өсті. 2018 жылғы 32%-бен салыстырғанда сұралғандардың 72%-ы ESG активтер портфелін қалыптастырудағы маңыздылығын атап өтті⁴.

¹ Metals & mining decarbonisation and sector disclosure | Article | ING Think

² Zero Emission Copper Mine of the Future, Warren Centre, University of Sydney, May 2020

³ The Role of Critical World Energy Outlook Special Report Minerals in Clean Energy Transitions, World Energy Outlook Special Report, International Energy Agency, March 2022

⁴ ey-final-business-risks-and-opportunities-in-2022.pdf

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАУ-КЕН МЕТАЛЛУРГИЯ САЛАСЫНЫҢ КҮН ТӘРТІБІ



ESG факторлары инвестицияның тартымдылығы мен ұзақ мерзімді сәттілігін анықтайды. Бұрын бағаланбаған күйінде олардың маңыздылығы соңғы уақытта Перу жағалауынан Қазақстанның даласына дейін ереуілдер түрінде жиі көрінеді, бұл өндіріс көлемінде айтарлықтай шығындарға әкеледі.

Эмиссияларды төмендету мақсатында халықаралық және ұлттық реттеуді қатаңдату тау-кен металлургия саласындағы көміртексіздендірудің қозғаушы факторлары болып табылады. Осылайша, Еуропалық одақтың шаралар пакеті (Fit for

55), атап айтқанда, трансшекаралық көміртекті реттеу тетігі (СВАМ) темір, болат және алюминий импорттаушылар үшін қосымша төлемдер енгізеді. Келесі жылға жеткізілетін өнімнің көміртегі сыйымдылығы бойынша міндетті есептілік туралы талапты енгізу, ал 2026 жылы өнім беруші ЕО нарығында белгіленген көміртегі бағасы бойынша өнімнің көміртегі сыйымдылығы сертификатын сатып алуға тиіс болатын тетікті толыққанды енгізу жоспарлануда. Бұл талаптар өндіріс еліндегі эмиссиялар үшін төлеген өндірушілерге ғана қолданылмайды. Салыстыру үшін еуропалық шығарын-

дылар саудасы жүйесіндегі (ШСЖ) көміртектің бағасы 2021 жылдың басында CO_2^5 тоннасы үшін 30 еуроны құрады, ал Қазақстанда баға 2022 жылғы 1 еуро/т CO_2 -ден 2023-2025 жылдары 15 еуро/т CO_2 -ге дейін өсетін болады.

Ұлттық деңгейде Қазақстан 2030 жылға дейін ПГ эмиссияларына квоталар санын қысқартуды, ал неғұрлым аз ірі кәсіпорындардың квоталанбайтын эмиссиялары үшін 2023-2025 жылдары көміртегі салығын енгізуді жоспарлап отыр. 2060 жылға дейін ҚР көміртегі бейтараптылығына қол жеткізу жөніндегі доктринада басты назар бірінші кезекте СВМ (алюминий, болат) әсер ететін өнеркәсіп бағыттарына аударылады. Құжат «жасыл» алюминий мен болат өндіру үшін қалдықтарды қайта өңдеуді арттыру, көмірді табиғи газ бен сутегімен алмастыру, технологиялық трансформация, көміртекті ұстау және сақтау тетіктері және жабдықтарды жаңғырту арқылы көміртегі ізін азайту бойынша қолда бар әлеуетті көрсетеді.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАУ-КЕН МЕТАЛЛУРГИЯ СЕКТОРЫН ҚАЛАЙ КӨМІРТЕКСІЗДЕНДІРУ ҚАЖЕТ?

Осы жаңалықтардың нәтижесінде саладағы өнімнің

өзіндік құнының арту қаупі бар. Осы шаралардың әсерін азайту және секторды қатаң климаттық реттеуге бейімдеу үшін бизнесті көміртексіздендіру стратегиясын әзірлеу, оны бизнестің «қосымшасы» емес, оның тиімділігінің негізгі көрсеткіші болу үшін оны компанияның барлық бизнес-процестеріне біріктіру ұсынылады.


Саланың ірі ойыншылары сандық мақсаттарды (2) және металдарды өндіру және өндіріс процесінде пайда болатын тікелей және жанама шығарындыларды азайту жөніндегі іс-шаралар жоспарын (1) мәлімдеді. Осылайша, 1 және 2-санаттағы шығарындыларды азайту үшін компания активтерінің портфелі қайта қаралады, онда аз көміртекті активтерге ерекше назар аударылады және көмірді жаңартылатын энергия көздерімен (ЖЭК) және сутегімен алмастыру, сондай-ақ оларды қолданудың әр түрлі салаларында қазбалы отын түрлерінің орнына аккумуляторлар көмегімен қайталама энергия өндіру қарастырылады. Сонымен қатар, жаңа технологияларды енгізу және операциялық процестерді жақсарту арқылы энергия тиімділігін арттыру бойынша шаралар қабылдануда, бұл көбінесе еңбек өнімділігін арттыру түрінде қосымша артықшылыққа ие.

⁵ Effective Carbon Rates 2021, OECD, 2021



2-сурет. 2030 жылға қарай тау-кен металлургия секторы алыптарының ПГ шығарындыларын азайту жөніндегі мақсаттары

Тау-кен металлургиялық компаниялардың шығарындылардың деңгейін азайту жөніндегі мақсаттары



* Өндірісті 30-40%-ға арттырған кезде

Дереккөз: компанияның жария деректері



Саладағы әр операторға арналған құралдар жиынтығы жеке, бірақ мыналарды бөліп көрсетуге болады:

- Іс-шаралар ауқымын анықтау үшін сценарийлер дайындау және күрделі әрі операциялық шығындар ағынының бағытын көрсететін өзгермелі жағдайларды ескере отырып, бизнесті көміртексіздендіру стратегиясын жасау үшін осы деректерді пайдалану;
- Көмірді жағу арқылы дәстүрлі түрде пайда болатын отын-энергетикалық тепе-теңдіктің ЖЭК пен сутегінің басым болуына қарай өзгеруі;
- Ең озық қолжетімді технологияларды енгізу арқылы өндірістің энергия сыйымдылығын төмендету (мысалы, домна пешінің орнына электронды-доғалы пеште балқыту);
- Жеткізу тізбегінде өнімді көміртексіздендіру бойынша ұқсас мақ-

саттарды көздейтін тау-кен және металлургия активтері арасында тандем қалыптастыру қаржылық ауыртпалықты бөлу үшін ғана емес, сонымен қатар 3-санаттағы шығарындыларды азайту үшін де мүмкіндіктер ұсынады;

- Міндетті және ерікті көміртегі нарықтарында шығарындыларға квоталар саудасы жүйелеріне қатысу әлемде көміртегі салығын төмендету түрінде өзінің артықшылықтарына ие (Колумбия, ОАР);

- Технологиялық циклде көмірқышқыл газын екінші рет пайдалану мүмкіндігімен көміртекті ұстау және сақтау жүйелерін (CCUS) енгізу;

- Металлургиялық өндірісте шикізатты қайта пайдалану мүмкіндіктерін бақылау және анықтау үшін блокчейн технологияларын қолдану.

1-кесте. Трансұлттық ТКМ-нің 1 және 2, 3-санаттарындағы шығарындыларды азайту жөніндегі мақсаттары мен міндеттері


Көміртексіздендіру бағыты	Мәлімделген мақсат	Сипаттамасы	Компаниялар
Операциялық жақсартулар	-20%	- жерасты шахталарында өндіру және тасымалдау үшін электр жабдықтарын енгізу - шығарындыларды азайту қиынға соғатын өндірісті азайту, «жасыл экономика» металдарының өндірісі	Rio Tinto BHP Teck Resources Codelco Aurubis Норникель УГМК Русская Медная Компания
Активтер портфелін оңтайландыру	-50%	- төмен көміртекті активтерге басымдық - көміртектің кең және тиімді баға белгілеуін қолдау - климаттық тәуекелдерге төзімділікті арттыру	Rio Tinto BHP Teck Resources Codelco
Жаңа бизнес-модель	-75%	Бизнестің жаңа төмен көміртекті бағыттарын дамыту (жаңартылатын энергетика, электромобильдердің зарядтау станциялары, сутегі, CCUS)	Codelco Aurubis Норникель
Көміртегі бейтараптылығы	-100%	Ұзақ мерзімді перспективада шығарындылардың нөлдік деңгейіне қол жеткізу, оның ішінде 2050 жылға қарай эмиссияларды өтеу есебінен	Rio Tinto BHP Teck Resources Codelco

Қазіргі уақытта сектор кәсіпорындарында ЖЭК көмірін алмастыруды елдің энергетикасындағы ЖЭК үлесін 2030 жылға қарай 15%-ға және 2050 жылға қарай 50%-ға дейін арттырудың мемлекеттік бағдарламасымен сәтті үндестіруге болады. Бұл мемлекеттік қолдауды, инвестициялық артықшылықтар алуға және халықаралық институттардың (ЕҚҚДБ, БҰҰДБ, т.б.) қаржыландыруына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Бұдан басқа, елде пайдаланылмаған шығарындыларға арналған квоталарды сатуға арналған

платформа бар, бұл CBAM іске асыру және квоталар санын азайту аясында ҚР Үкіметі қосымша пайда әкелуі және экспорт үшін трансшекаралық төлемді алып тастауы мүмкін. Тау-кен өндіру және металлургия салаларындағы болжамдар бойынша 2022-2025 жылдарға арналған көміртегі квоталарының ұлттық жоспары квоталарды әрбір келесі жылмен 1-2%-ға қысқартуды көздейді.

Қазақстанның тау-кен металлургия секторын көміртексіздендіру бойынша ілгерілеу келесідей болады деп күтілуде:





Көміртексіздендіру келесі әлемдік революцияны – көмірден бас тартуды білдіреді. Әлемдік көшбасшылар энергетикалық көмір өндіруді мемлекеттік субсидиялаудың тоқтатылғанын жариялады, ал ЕО елдері эмиссияға рұқсаттар саны келесі жыл сайын біртіндеп төмендеп, көміртегі бағасы өсетінін анық көрсетті.

Соңғы бесжылдықтың қорытындылары бойынша Қазақстан мен ЕО елдері арасындағы тауар айналымы өсіп келе жатқаны анық (2021 жылы шығарылатын тауарлардың жалпы көлемінің 40%-ға жуығын құрады⁶), бұл ретте металдар мен олардан жасалған бұйымдардың (мыс, алюминий, металл прокаты), ферроқорытпалар мен құра-

мында металл бар кендердің экспорты көмірсутектерден кейін тұрақты түрде екінші және үшінші орындарды иеленіп отыр. Сондықтан тау-кен өндіру және металлургия салаларына фискалдық жүктемені төмендету, қазақстандық өнімнің еуропалық нарықта болуын сақтау және тіпті ұлғайту үшін шұғыл және тиімді шаралар қажет. Бәсекеге қабілетті болып қалу үшін салалық компаниялар серпінді тепе-теңдікке қол жеткізуге мәжбүр болады, мұнда операциялық шығындар мен күрделі салымдар жаңа немесе кеңейтілген сату нарықтарымен және қолайлы әлеуметтік климат жағдайында тұрақты инвестициялық инфузиялармен өтеледі. 

⁶ ҚР сыртқы саудасының 2021 жылғы қорытындысы - Экономикалық зерттеулер институты (econpotu.kz)

GREEN CLIMATE HUB:

Орталық Азия өңірі үшін перспективалар



Сәуле Бишімбаева,
«ХЖТИЖО» КЕАҚ
Технологияларды коммерцияландыру бойынша құзыреттер орталығының басшысы, PhD
in Economics



” Қазақстан әлемдік трендтерге сүйене отырып, климаттың өзгеруіне қарсы күресте – 2060 жылға қарай көміртекті бейтараптыққа қол жеткізу, сондай-ақ орнықты даму бойынша Орталық Азияның өңірлік Климаттық хабына айналу сияқты өршіл мақсат қойып отыр. “

Осыған байланысты ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ағымдағы жылғы 21 шілдеде Шолпан-Атада өткен Мемлекет басшыларының таяудағы 4-ші консультативтік кездесуінде Орталық Азия елдерінің климаттың өзгеру салдарын еңсерудегі күш-жігерін шоғырландыру және шұғыл бірлескен шаралар қабылдау қажеттілігін ерекше атап өтті:

«...Күш-жігерімізді жұмылдырмай, Орталық Азиядағы климаттың өзгеру салдарын еңсеру мүмкін емес. Сондықтан бірлескен іс-қимылдарды үйлестіру үшін Қоршаған ортаны қорғау және аймақтағы климаттың өзгеруіне қатысты келісілген саясат жүргізу жөніндегі Орталық Азия елдерінің жобалық кеңсесін құруды ұсынамыз.»

Қазақстан Республикасының
Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев

Мемлекет басшысының бұл ұсынысы Орталық Азия елдері бетпе-бет келіп отырған қазіргі заманғы климаттың сын-қатерлермен – температураның көтерілуі, су және энергетикалық ресурстарға сұраныстың артуымен тығыз байланысты, нәтижесінде бұл өңірдің жаһандық ауқымдағы экологиялық қауіпсіздігіне әсер етеді.

Бұл сын-қатерлер инновациялар мен технологиялық әзірлемелердің жекелеген бағыттарын («таза» энергетика, қалдықсыз технологиялар, суды тиімді басқарудың жаңа технологиялары, конвергентті технологиялар және т. б.) озыңқы дамыту қажеттілігін талап етеді, олардың көпшілігі бойынша Орталық Азия елдерінде белгілі бір негіздер бар, алайда оларды игеру мен енгізудің төмен деңгейі байқалады.

Мәселен, АҚШ-тың Йель университетінің Экологиялық саясат және құқық

орталығының рейтингісіне сәйкес Орталық Азия елдері экологиялық тиімділік рейтингінде өте төмен позицияға ие.

180 елдің ішінде Қазақстан 85-орынды (индексі 44,7), Өзбекстан 89-орынды (44,3), Түрікменстан 92-орынды (43,9), Қырғызстан 105-орынды (индексі 39,8), Тәжікстан Алжир мен Буркино Фасодан кейін 114-орынды (индексі 38,2) иеленді. Бұл ретте Орталық Азияның барлық бес еліндегі артта қалудың жалпы үрдісі өсуде, ал ауаның ластану көрсеткіші жыл сайын нашарлауда.

Бұл рейтинг респонденттердің екі ірілендірілген көрсеткіштерінің - экожүйенің өміршеңдігі мен қоршаған ортаның жай-күйінің көмегімен есептелді, олар, өз кезегінде, 32 көрсеткіштен қалыптасты:

- Ауа сапасы;
- Ластаушы заттардың шығарындылары (SO_2 , NOx);

- Су ресурстары, ауыз су;
- Климаттың өзгеруі (CO_2 , N_2O , CH_4 , GHG);
- Биоалуантүрлілік және тіршілік ету ортасы;
- және басқалары.

Орталық Азия елдерінің экологиялық тиімділігінің төмендігі өңірдің экологиялық проблемаларының ушығуының, сондай-ақ Орталық Азия елдерінде экологиялық таза технологияларды енгізудің төмен деңгейінің салдары болып табылатындығын, оның ішінде климаттың өзгеруі мен қоршаған орта проблемаларын шешуде Орталық Азия елдері арасында тығыз өзара іс-қимылдың болмауының салдары болып табылатынын тағы да растайды.

Бұл ретте ОА елдерінің жалпы проблемаларын келесідей белгілеуге болады:

- **Температураның жоғарылауы,** климаттың жылынуы. Соңғы 40-50 жылда температураның жоғарылауы Орталық Азия аумағында байқалады, бұл әлемдік орташа мәндерден асады. Ыстық күндер саны 40°C -ден жоғары, бұл ауыл шаруашылығына және адамдардың әл-ауқатына теріс әсер етеді.
- **Арал теңізінің қасіреті.** Орталық Азияның жаһандық экологиялық апаттарының тарихындағы ең ірі апаттардың бірі Арал теңізінің қасіреті болып табылады. Арал өңірінің дағдарыс аймағы Түркіменстан, Қазақстан және Өзбекстан, сондай-ақ жанама - Тәжікстан мен Қырғызстан аумақтарын қамтиды.
- **Су ресурстарын трансшекаралық басқару проблемалары.** ОА елдерінде ортақ экожүйелер мен өзендер бар, онда трансшекаралық суларды тепе-тең бөлу проблемасын шешу қажет.

Осы және басқа да көптеген экологиялық проблемаларды еңсеру үшін Орталық Азия елдері тепе-теңдік пен қауіпсіздікті сақтайтын және қоршаған ортаны қалпына келтіретін тиімді әрі үнемді «жасыл» технологияларды технологиялық қайта құруды және тез

алмасуды қажет етеді. Оларды инновацияларды дамыту және өңір елдерінде «жасыл» технологияларды енгізу үшін қолайлы орта құру жолымен жасыл экономикаға көшу үшін экологиялық сын-қатерлерге жауап беру үшін Орталық Азия елдеріндегі барлық әріптестердің күш-жігерін біріктіру арқылы ғана бірлесіп шешуге болады.

ЮНИДО деректері бойынша жасыл технологиялардың әлемдік нарығы таяудағы онжылдықта 6,4 трлн АҚШ долларын, оның ішінде дамушы елдерде «жасыл» бизнесті дамыту үшін 1,7 трлн АҚШ долларын құрайтынын атап өту қажет.

Сондықтан ОА елдері үшін климаттық күн тәртібі шеңберінде – өңірлік ынтымақтастық арқылы Еуразиялық экономикалық кеңістікте жасыл компаниялардың өсу қозғаушысы болуға жаңа мүмкіндіктер мен перспективалар ашылуда.

ҚАЗАҚСТАН – ӨҢІРЛІК КЛИМАТТЫҚ ХАБТЫҢ КӨШБАСШЫСЫ

2021 жылы Глазго қаласында өткен COP 26 климаттық каммиті шеңберінде Қазақстан өңірлік және трансшекаралық сипаттағы экологиялық проблемаларды шешу үшін Орталық Азияның Климаттық хабын құруды ұсынды.

Қазіргі кезде Қазақстанның өңірлік жасыл технологиялар платформасы - Орталық Азия климаттық хабын (Green Climate hub) ұйымдастыруда көшбасшы болуға барлық мүмкіндіктері бар.

Қазақстан бүгінгі күні Орталық Азияда Париж келісіміне қол қойған алғашқы елдердің бірі болып табылады және «жасыл» экономикаға көшу тұжырымдамасына сәйкес 2050 жылға қарай ЖІӨ-ні 3%-ға, 2030 жылға қарай ЖЭК үлесін 15%-ға дейін ұлғайтуы, 2030 жылға қарай парниктік газдар шығарындыларын 1990 жылғы деңгейден 15%-ға қысқартуы тиіс.

Қазақстанның Орталық Азия өңіріндегі географиялық орналасуын және жасыл технологиялар үшін қаржылық және институционалдық мүмкіндіктерді дамыту ниетін ескере отырып, Қазақстан бизнесті және барлық мүдделі тараптарды қолдау үшін жасыл технологиялар саласындағы инновациялық белсенділікті тарту орнына айналу үшін құнарлы негіз болып табылады.



Сурет 1. Green Climate hub

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ХАБТАР ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Массачусетс технологиялық университетінің (MIT) анықтамасы бойынша инновациялық хабтар — өзара байланысты технологиялық компаниялар мен технологияларға тапсырыс берушілердің тығыз желілері шоғырланған инновациялық белсенділікті тарту орталықтары.

Әдетте, хабтар - бұл әр түрлі салалар мен аяларда инновацияларды жедел дамыту және ілгерілету үшін қолайлы ортаны ынталандыру арқылы экономиканың мүмкіндіктерін жандандыру үшін жағдайлар жасалатын арнайы аумақтар немесе кеңістіктер.

Инновациялық хабтардың негізгі міндеті - кәсіби инновациялық платформаларды құру және қолдау, олардың табысы жеке және мемлекеттік сектордағы барлық негізгі әріптестердің тартылуына байланысты.

Әдетте, инновациялық хабтар меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде бірыңғай материалдық-техникалық кешенге ие дербес заңды тұлғалар ретінде құрылады, онда тиісті салада немесе аяда технологиялық кәсіпкерлікті дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасалады.

Айта кету керек, GreenTech хабын құру 25.06.2020 жылы ҚР Экология, география және табиғи ресурстар министрлігі (бұдан әрі - ЭГТРМ) бекіткен Greentech технологиялық платформасын дамытудың жол картасын іске асырудың негізгі шараларының бірі болып табыла-



05.06.2020 «Greentech» технологиялық платформасының жол картасы

Міндет: Жасыл экономикаға жедел көшу мақсатында нарық сұранысына бағдарланған «жасыл» технологияларды коммерцияландырудың тиімді жүйесін дамыту

1. ЗАҢНАМАҒА ӨЗГЕРІС ЕНГІЗУ

- Greentech Hub мәртебесі туралы инновациялық және ғылыми-техникалық даму мәселелері бойынша ҚР заң жобасына ұсыныстар енгізу
- Қажет болған жағдайда ілеспе заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу

2. GREENTECH HUB ҚҰРУ

- GCIP Ұлттық байқауын өткізу (өтінімдерді қабылдау, жыл сайын 200-300 өтінімнен 40 жобаны іріктеу)
- GCIP Акселерация бағдарламасын жүргізу (GEF/UNIDO)
- Технологиялық бизнес-инкубациялау бағдарламасын грантқа беру және өткізу
- Greentech Hub бизнес-жоспарын халықаралық серіктеспен бірге әзірлеу
- Greentech Hub құру
- Құзыреттер орталығын құру
- Жасыл технологиялардың IT платформасын құру

3. ГРАНТТЫҚ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ТЕТІГІН ЕНГІЗУ ЖӘНЕ ЖАҢА ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫН ӘЗІРЛЕУ

- Жасыл технологияларды үздіксіз гранттық қаржыландыру тетігін әзірлеу
- Жасыл технологияларды енгізу үшін жаңа қаржы құралдарын әзірлеу
- Жасыл технологияларды коммерцияландыруға гранттық қаржыландыруды тарту

Сурет 2. Уәкілетті мемлекеттік орган ЦДИАӨМ-ға Greentech ЦТП дамыту жөніндегі есеп үнемі тапсырылып тұрады

ды және 3 компонентті жүзеге асыруға бағытталған.

Жол картасы (Сурет 2) Мемлекет басшысының тапсырмалары шеңберінде (23.08.2019 жылғы тіркеу №19-01-7.30) Цифрлық даму, инновациялар, және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен

(бұдан әрі - ЦДИАӨМ) бірлесіп әзірленді, онда елдің инновациялық саясатында «жасыл» технологияларды дамытуды басымдандыру бойынша тәсілдер пысықталды.

GreenTech хабтың қызметі стартаптарды ерте сатыларда сервистік қолдау,

акселерация және бизнес-инкубациялау жүзеге асырылатын стартаптарды дамыту үшін ынталандырудың экономикалық шараларымен (батареялар, машиналар, күн панельдері, сенсорлар, микро-желілердің компоненттері және т.б.) өнім инновацияларын коммерциаладыруға бағытталады. Бұл елдегі жасыл жобалардың 70%-дан астамы енгізуге дайындықтың ерте сатысындағы жобаларға жататындығымен байланысты.

GreenTech хабын құру мемлекеттік қолдау құралдары мен арнайы салық артықшылықтарының көмегімен «жасыл» технологияларды дамыту және технологиялық кәсіпкерлікті дамыту үшін инновациялық ортаны ынталандыру арқылы экономиканың мүмкіндіктерін жандандыруға мүмкіндік береді.

GCIP-KAZAKHSTAN БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ ҚОСУ

1. Заңнамаға өзгерістер енгізу;

Биылғы жылы ЖЭҚ/ЮНИДО-мен бірлесіп 3 жылдық GCIP – Kazakhstan - «Қазақстанда таза технологиялар саласындағы инновациялардың жаһандық бағдарламасы - Қазақстанда жасыл жұмыс орындарын құру үшін ШОК-та таза технологиялар және

кәсіпкерлік саласындағы инновацияларға жәрдемдесу» бағдарламасын іске қосу GreenTech Climate хабын құру үшін жақсы негіз бола алады.

Жобаның бірегейлігі Қазақстан 15 дамушы елді қамтитын ірі GZIP жаһандық платформасының бір бөлігіне айналып, үш құрамдауышты іске асыру құралы бойынша трансформациялық өзгерістерді жүзеге асыруға бағытталған (Сурет 3).

Бүгінгі таңда GCIP 10 елде: Түркия, Үндістан, Армения, Малайзия, Таиланд, Пәкістан, Оңтүстік Африка, Марокко, Молдова, Украинада ұлттық Cleantech акселераторлары мен инкубаторларын құру үшін негіз болды.

Жыл сайын жасыл стартаптардың ұлттық конкурсы өткізіледі, ол кейіннен стартаптарды акселерациялау, тәуекелдерді төмендету және оларды әлеуетті инвесторлармен, клиенттермен және серіктестермен байланыстыру түрінде қолдау үшін бүкіл ел бойынша неғұрлым перспективалы инновациялық кәсіпкерлерді анықтайды.

Бұл ұзақ мерзімді перспективада экологиялық таза технологиялардың пайда болуына, өрістетілуіне және енгізілуіне кедергі келтіретін нарық пен саясаттың кемшіліктерін жоюға мүмкін-

дік береді, бұл Қазақстанға неғұрлым экологиялық экономикаға секіріс жасауға көмектеседі.

CUP-Kazakhstan (Сурет 3) конкурсында кәсіпкер әйелдерге, жаттықтырушыларға, тәлімгерлерге (кемінде 35%) артықшылық беріледі.

GREEN CLIMATE HUB МИССИЯСЫ, МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ:

✓ **Green Climate hub** – Орталық Азия мемлекеттерінің климаттың өзгеруіне бейімделуі, «жасыл» технологияларды коммерциализациялау және трансферттеу саласындағы инновациялық қызметті іске асыру үшін қолайлы жағдайлар жасалатын арнайы аумақ.

✓ **Миссия Green Climate hub** – Орталық Азия өңірінің жасыл технологиялар саласындағы инновациялық жобалары мен серпінді компанияларын дамыту орталығы, сондай-ақ технологиялық кәсіпкерлік және дарынды мамандардың сындарлы тобын тарту орталығы болу және сол арқылы Орталық Азия елдерінің «жасыл» экономикаға көшу-процесін жеделдету.

✓ **Green Climate hub құрудың мақсаты** парниктік газдар шығарындыларын



Сурет 4.



азайтудың салааралық және көпжақты тәсілі және ОА елдерінің компаниялары үшін жасыл технологиялардың тұрақты өңірлік инновациялық экожүйесін құру арқылы жасыл технологиялар саласындағы инновацияларды мынадай бағыттар бойынша ілгерілету:

- Баламалы энергетика (оның ішінде сутегі энергетикасы)
- Энергия тиімділігі
- Траншекаралық суларды бейімдеу, пайдалану
- Қалдықтарды басқару
- Жасыл құрылыс
- Заманауи материалы мен химикаттар
- Көлік

✓ **Green Climate hub негізгі міндеті** – экологиялық-экономикалық тиімділікті (және соның салдарынан әлеуметтік тиімділікті) ескере отырып, өндіріске одан әрі енгізу үшін «жасыл» технологиялар мен жобалардың сапалы ағынын қамтамасыз ету, яғни қоршаған ортаға теріс әсерді азайту және халықтың өмір сүру сапасын жақсарту.

GREEN CLIMATE HUB ҚАЛАИ ЖҰМЫС ІСТЕЙ АЛАДЫ?

Тиісті саяси қолдаудың арқасында Green Climate hub өңірлік инновациялық платформа – «жасыл» технологиялардың экожүйесін құруда, ОА елдері климатының өзгеруіне бейімделу процесін үйлестіруде, бәрінен бұрын Орталық Азия өңірінің технологиялық сұранысына бағдарланған технологияларды коммерцияландыруда және трансфертте негізгі рөл атқара алады.

GREEN CLIMATE HUB ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ:

1-бағыт

Коммерциялық табысты компанияларды дамыту үшін ОА елдерінің жасыл технологиялар саласындағы компанияларына тұрақты қолдау көрсету;

2-бағыт

Жаңа өңірлік жобалар мен бағдарламалар құру үшін кәсіпкерліктің қолайлы инновациялық экожүйесін нығайту;

3-бағыт

Орталық Азия елдері арасында технологиялар трансферті және құзыреттер алмасу;

4-бағыт

Өңірдің ОА экологиялық ақпаратына мониторинг және жинау;

5-бағыт

ОА елдерінің іс-қимылдарын үйлестіру және келісу.

1-БАҒЫТТЫ ІСКЕ АСЫРУ

«Жасыл» технологиялар саласындағы компаниялар типтік компаниялардан бизнес көбінесе физикалық компоненттерге (батареялар, машиналар, күн панельдері, сенсорлар, микро-желілердің компоненттері және т.б.) негізделетіндігімен ерекшеленеді. Сондықтан, мысалы, IT технологиялардан (процестік инновациялар) айырмашылығы – «жасыл» технологияларды коммерцияландыру және енгізу (өнімдік инновациялар) — бұл неғұрлым күрделі процесс және компаниялардың «өлім алқабы» ұзағырақ.

Компаниялардың мықты болуы үшін уақыт, қаржылық қолдаудың жоғары деңгейі, сонымен қатар жетістікке жету үшін әр түрлі дағдылар мен машықтардың болуы қажет: прототиптердің жедел дамуы, зияткерлік меншікті қорғау, өндірісті құру және кейіннен масштабтау, нарыққа шығу стратегиясы.

Сондықтан жобаларды ОА нарығында және ЖКСБ елдерінің халықаралық нарықтарында енгізгенге дейін оларды

дамытудың барлық кезеңдерінде «жасыл» компанияларға тұрақты қолдау қажет.

Green Climate hub барлық ғылыми зерттеулер аяқталған және қасиеттері мен артықшылықтары бар, оларды коммерциялық клиенттер бағалап, мақұлдауы мүмкін нақты анықталған өнімнің немесе қызметтің бар екендігінің дәлелі болған кезде дайын және сынақтан өткен технологиясы бар жобаларды қарастырады. «Жасыл» технологияларды коммерцияландыруға жәрдемдесу өнім нарықта табысты іске қосылған кезде аяқталады.

Кәсіпкерлерді тұрақты қолдау акселерация, технологиялық бизнес-инкубациялау (бұдан әрі - ТБИ) бағдарламалары – кәсіпкерлерге ақпараттық, технологиялық, заңдық, экономикалық көмек-инвесторлардың/клиенттердің желілеріне мүмкіндіктер мен қолжетімділікті беретін жобаларды үздіксіз қолдау бағдарламалары көмегімен жүзеге асырылуы мүмкін.

ТБИ шеңберінде Green Climate hub мынадай қызметтер кешенін көрсете алады: жобаларды сараптау, маркетингтік

қызметтер, прототиптер жасауға, бизнес жоспарларды әзірлеуге, заңдық, ақпараттық және консультациялық сүйемелдеуге, инвестициялар тартуға, жобаларды басқаруға көмек көрсету, сондай-ақ ОА және ЖКСБ елдерінде «жасыл» жобаларды іске асыру үшін қажетті өзге де қызметтер.

Елдердің БҰҰ айқындаған ТДМ-ға қол жеткізуі үшін үздік әлемдік практикалар негізінде жасыл қаржыландыруды ілгерілету әдістері қолданылады. Қазақстанда мұндай қызмет түрлері бірыңғай таксономияға жіктелген, сонымен қатар Қазақстанда жаңа экологиялық кодекс деңгейінде ең үздік қолжетімді технологиялар мен жасыл технологиялар арасындағы өзара байланыс бекітілген. Бұл оң тәжірибені Орталық Азия өңірінің барлық елдеріне беру ұсынылады.

ТБИ бағдарламалары арқылы жан-жақты қолдаудың және жасыл компанияларды ынталандырудың көмегімен ОА елдерінің Жасыл климаттық технологиялар

саласындағы технологиялық трансформациясын түбірімен жоюға болады. Бұл ретте кез келген «жасыл» технологияны енгізу оның экологиялық-экономикалық тиімділігі тұрғысынан, яғни қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына әсерін ескере отырып бағаланады.


2-БАҒЫТТЫ ІСКЕ АСЫРУ

Елдердің озық тәжірибесін негізге ала отырып, инновациялық платформа – «жасыл» технологиялардың экожүйесі құрылады, ол нарықтың барлық ойыншыларын - жаңа өнімдер мен технологиялық шешімдер жасау мақсатында ақпараттық, технологиялық және қаржылық ресурстарды ынтымақтастық және біріктіру үшін мамандандырылған компанияларды, ірі бизнесті, ШОБ, билік органдарын, даму институттарын, ҒЗИ мен ЖОО, ҰЕҰ-ны біріктіретін болады.

Бұл платформа «жасыл» технологиялар нарығының ойыншылары арасындағы алшақтықты жояды және инновацияларды дамыту және түрлі мүдделі тараптар

Инновациялық экожүйені – Greentech кластерлік платформасын құру

IGTIC



Сурет 3.

дың құзыреттерін біріктіру есебінен бәсекелестік артықшылықтарды пайдалану үшін қолайлы орта құру үшін негіз болады, сайып келгенде ОА елдерінің бірлескен жобалары мен бағдарламаларын құруға әкеледі. Инновациялық платформаның табысы мемлекеттік, ғылыми және бизнес сектордағы барлық әріптестердің тартылу дәрежесіне байланысты болады.

Бұл үшін құзыреттер картасы жасалады (карталау) - бұл инновациялық платформа қатысушыларының күшті және әлсіз жақтарын анықтауға мүмкіндік беретін ұйымдардың білімін, дағдылары мен байланыстарын анықтау және оларды кешенді сыныптау процесі. Бұл платформаның қатысушылары арасындағы бірлескен қызмет пен ынтымақтастық арқылы қай бағытты жақсартуға болатындығын анықтауға және қолда бар күшті пайдалану үшін нақты стратегия жасауға мүмкіндік береді.

Тиімді болу үшін Green Climate hub әр түрлі серіктестердің шеңберін қамтуы керек, білім мен тәжірибенің бірқатар көздерін пайдалануға негізделуі керек, сонымен қатар икемділік пен үйлесімділікті сақтай отырып, ресурстардың әр алуан түрлерін қолдануы керек. Серіктестерді тарту, ынталандыру және бір-бірімен ынтымақтастыққа сендіру қажет.

Инновациялық платформаның тиімді жұмыс істеуі елдердің ынтымақтастығына, мемлекеттің бизнеспен, жұртшылықпен және халықаралық ұйымдармен әріптестігіне негізделген Орталық Азия елдері арасында жаңа «жасыл» технологиялардың таралуына ықпал ететін болады. Бұл ретте, жасыл технологиялар мен жобаларды ілгерілету және енгізу бойынша практикалық нәтижелерге назар аудару маңызды тарап болып қала береді.

Ол үшін құзыреттер картасы жасалады (картаға түсіру) - бұл инновациялық платформа қатысушыларының күшті және әлсіз жақтарын анықтауға мүмкіндік беретін ұйымдардың білімін, дағдылары мен байланыстарын анықтау және оларды кешенді сыныптау процесі.

Бұл платформаның қатысушылары арасындағы бірлескен қызмет пен ынтымақтастық арқылы қай бағытты жақсартуға болатындығын анықтауға және қолда бар күшті пайдалану үшін нақты стратегия жасауға мүмкіндік береді. Инвесторлар, жобаларды/технологияларды әзірлеушілер және НҚА өкілдері кездесетін нетворкингтік іс-шаралар, семинарлар, технологиялық брокерлік оқиғалар тұрақты негізде өткізілетін болады, соның салдарынан командалар, әріптестер қалыптастырылады.

Сондай-ақ, инновациялық платформа ақпараттың үлкен ағынын жүйелендіру және өңірдің барлық серіктестері үшін «жасыл» технологиялар саласында бірыңғай терезе болу үшін цифрлық алаңмен күшейтілуі мүмкін.

3-БАҒЫТТЫ ІСКЕ АСЫРУ

Технологиялар трансферті мен ОА елдері арасындағы құзыреттер алмасу климаттың өзгеруіне бейімделуге және өңір елдерінің ортақ экологиялық проблемаларын шешуге бағытталады.

Қазіргі уақытта ЖКСБ 16 елі арасында хартияға қол қойылды, оған ОА-ның жаңа елдері кіреді.

Алайда, технологиялар трансферті, ОА елдері арасында білім мен құзырет алмасу жөніндегі практикалық қызметті бастау үшін ОА елдері арасында озық әлемдік тәжірибе негізінде технологиялар трансфертінің тетігін әзірлеу қажет. Бұл ретте, әрбір елдің зияткерлік меншікті қорғау саласындағы ұлттық заңнамасын ескеру, технологияларды беру немесе АЖ-ны бірлесіп иелену жөніндегі жалпы нормативтік-құқықтық актілерді әзірлеу қажет. Сондай-ақ ОА-ның барлық елдері WIPO GREEN және т.б. сияқты түрлі халықаралық технологиялар трансферті желілеріне қосылуы тиіс.

Құзыреттермен алмасу шеңберінде ұлттық деңгейде ОА елдерінде ең озық қолжетімді технологияларды (ЕОҚТ) енгізу бағытында қозғалыс қажет. Көптеген мемлекеттердің үкіметтері ЕОҚТ-ға негізделген тәсілді қолдануға күш салуда. ОА елдерін

де Қазақстан ЕОҚТ енгізу тәсілдерін қолданған бірінші мемлекет болып табылады және осы тәсілді енгізу бойынша өзінің тәжірибесімен, білімі мен құзыретмен бөлісе алады.

4-БАҒЫТТЫ ІСКЕ АСЫРУ

Климаттың өзгеруіне қарсы күрес ұзақ мерзімді стратегиялық тәсілді және экологиялық жағдайдың мониторингін талап етеді. Осындай бағыттардың бірі - климаттың өзгеруіне бейімделу және оның күтілетін салдарына дайындық. Бейімделу - бұл ұлттық, аймақтық және халықаралық деңгейлердегі барлық адамдарға әсер ететін жаһандық міндет.

Сонымен бірге, тәуекелдерді дәл анықтау мақсатында шараларды дұрыс жүзеге асыру үшін климаттың өзгеруі және оның өзгеру салдары кезіндегі жағдайларды модельдеу қажет. Осыған байланысты, Орталық Азия елдеріне интеграцияланған цифрлық ақпараттық жүйе құру қажет болуы мүмкін. Айта кету керек, бұл бағыт өте кең және уақытты қажет етеді, бұл оны жеке тәуелсіз бағытқа шығаруды қажет етуі мүмкін.

Осыған байланысты, Орталық Азия елдеріне интеграцияланған цифрлық ақпараттық жүйесі бар Жағдаяттық орталық құру талап етілуі мүмкін. Бұл бағыт өте ауқымды әрі көп еңбек пен қомақты қаржылай салымдарды қажет ететінін айта кеткен жөн.

5-БАҒЫТТЫ ІСКЕ АСЫРУ

Жоғарыда аталған бағыттарды тиімді іске асыру үшін Орталық Азия елдерінің іс-қимылдарын нақты үйлестіру және келісу қажет. Осыған байланысты өзара іс-қимыл тетігін келісу, кейіннен заңды ресімдеу, сондай-ақ қолданыстағы бағдарламаның тиімділігін мониторингтеу қажет.

Green Climate hub қызметінің маңызды құрамдас бөліктерінің бірі Орталық Азия елдерінің үйлестіру орталығын құру болады, онда қызметті нақты үйлестіру, мониторинг және бағалау, сондай-ақ білімді қамту және тарату жүзеге асырылады. Осыған байланысты мұндай үйлестіру орталығының рөлін

Шолпан-Атада мемлекет басшыларының кездесуінде құрылуы туралы айтылған Орталық Азия елдерінің Жобалау офисі атқара алар еді.

Өңірлік өзара іс-қимылды дұрыс құру және жұмыс істеп тұрған бизнес-модельдерді енгізу кезінде Green Climate hub климаттық күн тәртібін іске асырудың және Қазақстанның Париж келісімінің мақсаттарына қол жеткізуінің тиімді өңірлік тетіктерінің бірі бола алады. Сондықтан, Green Climate hub экологиялық таза технологиялар саласындағы инновациялық хабтың жұмыс істеуінің тиімді бизнес-модельін іске асыруда табысты тарихы бар тәжірибелі халықаралық әріптеспен бірлесіп құрылғаны жөн.

ҚОРЫТЫНДЫ

Осылайша, Green Climate hub құру жүйелі тәсілді пайдалана отырып, технологиялық трансформация жүргізуге, сондай-ақ «жасыл» бизнесті құру және технологиялық кәсіпкерлікті дамыту, инвестициялар тарту үшін қолайлы ортаны ынталандыру арқылы Орталық Азия елдері экономикаларының мүмкіндіктерін жандандыруға мүмкіндік береді.

Шын мәнінде, Green Climate hub – бұл өңірлік экологиялық проблемаларды өзара тиімді және өзін-өзі ақтайтын негізде шешу тәсілі, мұнда өндірістерді жаңғырту экологиялық-экономикалық тиімділік тұрғысынан, яғни оның қоршаған ортаға әсерін ескере отырып, сондай-ақ технологияларды әзірлеушілер үшін де, өнеркәсіптік компаниялардың өздері үшін де тиімділікпен бағалануға тиіс.

Орталық Азия елдері үшін пайда:

Озық тәжірибе экология және қоршаған ортаны қорғау саласындағы жаңа білімді игеру қарқынын климаттық өзгерістерге бейімделу, технологияларды коммерцияландыру және өңірлік мемлекеттік саясат деңгейінде ынталандырылатын және қолдау көрсетілетін технологиялық кәсіпкерлікті дамыту саласындағы

белсенді келісілген шаралар мен өзара іс-қимыл кешенінің көмегімен айтарлықтай жеделдетуге болатынын айқын көрсетеді.

«Green Climate Hub» Орталық Азия жасыл технологиялар хабын құру Орталық Азия елдерінің негізгі міндеттерін шешуге мүмкіндік береді:

Қазақстан үшін жасыл технологияларға арналған инновациялық белсенділік аумағы – Green Climate hub құру «Қазақстан-2050» стратегиясы және Қазақстан Республикасының «жасыл» экономикаға көшуі жөніндегі тұжырымдама көрсеткіштеріне қол жеткізуді жақынатады және Орталық Азияның барлық елдерімен технологиялық ынтымақтастық пен технологиялар алмасуды жолға қояды.

1. Қоршаған орта проблемаларын шешу үшін ұлттық және өңірлік деңгейлерде Орталық Азиядағы көп секторлы ынтымақтастыққа жәрдемдесу.

2. Орта Азияда ШОБ және барлық елдердің кәсіпкерлік қоғамдастығының қатысуымен сектораралық диалог орнату.

3. Орталық Азияға қоршаған ортаны басқару және тұрақты даму саласындағы озық білімді, үздік халықаралық практикалар мен технологияларды тартуға жәрдемдесу.

Қазақстан үшін жасыл технологияларға арналған инновациялық белсенділік аумағы – Green Climate hub құру «Қазақстан – 2050» стратегиясы және Қазақстан Республикасының «жасыл» экономикаға көшуі жөніндегі тұжырымдама көрсеткіштеріне қол жеткізуді жақынатады және Орталық Азияның барлық елдерімен технологиялық ынтымақтастық пен технологиялар алмасуды жолға қояды.

Бұған қоса, 2012 жылы БҰҰ-ның «Рио+20» Орнықты даму жөніндегі дүниежүзілік саммитінде барлық тараптар үшін ашық өңіраралық тетік ретінде мақұлданған өңірдегі «жасыл» экономикалық өсуді күшейтуге бағытталған «Жасыл көпір» серіктестік бағдарламасын іске асыруға мүмкіндік береді. Бұл ретте, «Жасыл көпір» серіктестік бағдарламасының (бұдан әрі – ЖКСБ) басты мақсаты - ХХІ ғасырдың ортасына қарай әлемнің барлық елдерінің энергетикалық және өзге де табиғи ресурстарды оңтайлы деңгейде тұтынуына қол жеткізу.

Орталық Азия Green Climate хабын дамыту Орталық Азия елдері үшін елеулі пайда әкеледі және жаңа жасыл жұмыс орындарын құруға, өңірдің өнеркәсіптік кәсіпорындарының экологиялық проблемалары үшін технологиялық шешімдер табуға мүмкіндік береді, бұл кейіннен елдердің қоршаған ортасының жай-күйін жақсартады.

Бұл Орталық Азия елдерінде «жасыл» технологияларды жеделдетіп ілгерілетудің нақты практикалық жүйесін құруға мүмкіндік береді, соның нәтижесінде табысты коммерциялық іске асырылған «жасыл» технологиялар мен жобалардың саны артады. Ал бұл, өз кезегінде, жергілікті және өңірлік экономика үшін қосылған құнды ұлғайтады, Орталық Азия елдерінің климаттық технологиялар саласындағы интеграциясын күшейтеді және жаңа «жасыл» жұмыс орындарын құруға алып келеді.

Азия елдерінің «жасыл» технологиялар саласындағы интеграциясын күшейтеді және жаңа «жасыл» жұмыс орындарын құруға алып келеді. 

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ

ЖАҢА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ КОДЕКСІНІҢ

НЕГІЗГІ ҚАҒИДАСЫ

1. Ол ластанудың алдын алу және бақылау жөніндегі шараларды, сондай-ақ қоршаған ортаға келтірілген залалды қалпына келтіру үшін жауапкершілікті білдіреді. Осылайша, мемлекет табиғат пайдаланушыларға экологиялық айыппұл телеуден гөрі, қоршаған ортаға теріс әсерді болдырмау жөнінде шаралар қолдану тиімдірек болатын жағдайлар жасауы тиіс. Бір сөзбен айтқанда, «алдын алу» тетігі. Сонымен қатар, экологияға зиян келтірген ластаушы қоршаған ортаны бастапқы деңгейге дейін қалпына келтіруге міндетті.

БІРІНШІ ҚАҒИДА
ЛАСТАУШЫ
ТӨЛЕЙДІ ЖӘНЕ
ТҮЗЕТЕДІ



ЕКІНШІ ҚАҒИДА
ҚОРШАҒАН
ОРТАҒА ӘСЕРДІ
БАҒАЛАУДЫҢ
ЖАҢА ТӘСІЛДЕРІ



2. Қолданыстағы Экологиялық кодекс бойынша қоршаған ортаға әсерді бағалау – ҚОӘБ рәсімінен өту туралы талап іс жүзінде барлығына, яғни 19 мың кәсіпорынға қолданылады. Мұндай тәсіл тиімсіз әрі орынсыз. Сондықтан жаңа Экологиялық кодексте шығарындылардың 80%-ы тиесілі «бірінші санаттағы» 2,6 мың кәсіпорынға қатысты ғана осындай талапты қолдану ұсынылады. Бұл ретте жұртшылық ҚОӘБ барлық сатыларына қатысады.

3. Экологиялық ахуалды барынша жақсарту үшін ең озық қолжетімді технологияларды енгізу қажет. Ол үшін өнеркәсіптік кәсіпорындар технологиялық аудиттен өтеді. Оларға шығарындылар көлемін азайтуға мүмкіндік беретін технологиялар ұсынылады. ЕОҚТ енгізген кәсіпорындар эмиссия үшін төлемнен босатылады. Егер олар ЕОҚТ-ға ауыспаса, эмиссия үшін төлем мөлшерлемесі өседі.



4.

Қазіргі уақытта қолданыстағы заңнамада қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемдерден түскен қаражатты табиғатты қорғау іс-шараларына жұмсау міндеттілігі жоқ. Сондықтан жергілікті атқарушы органдар қоршаған ортаны қорғауға 0-ден 400%-ға дейін, орта есеппен 45% ғана бөледі. Экологиялық төлемдер мен оларды жұмсаудағы ағымдағы жағдай халықаралық сарапшылар тарапынан бірнеше рет сынға ұшырады. Осыған байланысты, ілеспе заң жобасында 100% көлемінде түсетін экологиялық төлемдер есебінен табиғатты қорғау іс-шараларын міндетті қаржыландыру көзделген.

5.

Экологиялық кодекстің жобасында I санаттағы объектілер үшін шығарындылар мен төгінділердің сапалық және сандық құрамы туралы уақтылы және дұрыс ақпарат алу мақсатында деректерді уәкілетті органға бере отырып, өндірістік экологиялық мониторингті міндетті автоматтандыру көзделген.

**БЕСІНШІ ҚАҒИДА
ШЫҒАРЫНДЫЛАР
МОНИТОРИНГІНІҢ
АВТОМАТТАНДЫ-
РЫЛҒАН ЖҮЙЕСІН
ҚҰРУ**

**ТӨРТІНШІ ҚАҒИДА
ЭМИССИЯ
ҮШІН ТӨЛЕМДЕРДІ
ЭКОЛОГИЯЛЫҚ
ІС-ШАРАЛАРҒА
ЖІБЕРУ**

**ЖЕТІНШІ ҚАҒИДА
ӨНДІРІС ЖӘНЕ
ТҰТЫНУ ҚАЛДЫҚТА-
РЫН БАСҚАРУДЫ
ЖЕТІЛДІРУ**

**АЛТЫНШЫ ҚАҒИДА
ЭКОЛОГИЯЛЫҚ
БАҚЫЛАУДЫ
КҮШЕЙТУ**

6.

Ілеспе заң жобасында Кәсіпкерлік кодекске халықтың тыныс-тіршілігі жағдайларын тікелей қозғайтын фактілер бойынша тексерулер жүргізу бөлігінде өзгерістер енгізу ұсынылады. Бұл өзгерістер қоршаған ортаға теріс әсер ету фактілеріне жедел ден қоюға бағытталған. Әкімшілік айыппұлдарды 10 есеге арттыру арқылы экологиялық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік күшейтіледі.

7.

Жаңа Экологиялық кодекстің жобасында негізгі назар ЭЫДҰ елдерінде пайдаланылатын айналмалы экономика қағидаттарын енгізуге бағытталған. Осы жоба шеңберінде қалдықтарды кезең-кезеңмен басқаруға бағытталған қалдықтар иерархиясы, яғни қалдықтардың пайда болуының алдын алуға, қайта пайдалануға, қайта өңдеуге, көдеге жаратуға бағытталған іс-шаралар тізбегі көзделеді. Рұқсат етілмеген қоқыс тастайтын жерлердің санын азайту мақсатында қалдықтарды қайта өңдеумен және көдеге жаратумен айналысатын кәсіпорындардың қызметін лицензиялау және қоқыс шығаратын ұйымдар үшін хабарландыру тәртібі енгізіледі.





Назарбаев Университетінің ғалымдары

елорданы жылумен
қамтамасыз ету сала-
сында «жасыл» техноло-
гияларды қалай енгізуде



“ Қазақстанда жаңартылатын энергия көздері (ЖЭК) саласында білім тарату және хабардарлықты арттыру бойынша танылған орталықтардың бірі «Nazarbayev University Research and Innovation System» (NURIS) ЖМ жанында жұмыс істейтін ЖЭК полигоны болып табылады. Университет ғалымдары Назарбаев Университеті кампусының нысандарын жылумен және ыстық сумен қамтамасыз ететін жергілікті орталықтандырылған жылумен жабдықтау жүйесіне вакуумдық гелиоколлекторларды табысты енгізуде. QazaqGreen журналының редакциясы NURIS бас директоры, техника ғылымдарының кандидаты Айдар Жақыповтан осы саладағы жетістіктерімен бөлісуді сұрады. ”



«NURIS» ЖМ бас директоры,
техника ғылымдарының кандидаты
Айдар Жақыпов

– Айдар Бексұлтанұлы, екі жыл бұрын Сіз QazaqGreen журналының оқырмандарына NURIS ЖЭК полигонының қызметі туралы егжей-тегжейлі айтып бердіңіз. Әлеуметтік желілерде біз осы полигонның белсенділік векторының жылумен жабдықтау және ыстық сумен жабдықтау саласында ЖЭК-ті әзірлеу мен енгізу жағына ауысуын байқаймыз. ЖЭК полигонының қызметін дамытудағы басымдықтардың бұл өзгерісі немен байланысты?

– Сіз NURIS ЖЭК полигонының қызметі туралы менің алдыңғы сұхбатымды еске алғаныңызға өте қуаныштымын. Біз үшін мақсатты аудиториямен кері байланыс өте маңызды және біз ЖЭК саласында вебинарлар сериясын өткізумен қатар әріптестерімізді ЖЭК полигонының қазіргі жетістіктері туралы хабардар етуге ниеттіміз. Жоғарыда атап өткенімдей, Қазақстанда жел турбиналары мен фотоэлектр жүйелерін пайдалана отырып, 2020 жылы электр энергиясын өндіруде ЖЭК генерациялау үлесінің 3%-ға артуы, өкінішке қарай, қалалар мен елді мекендердегі экологиялық жағдайдың жақсаруына алып келмеді. Жеке тұрғын үйді жылыту жүйелерінде көмірді дәстүрлі пайдалану сыртқы ауаны ластанудың негізгі факторы болып қала беретіні түсінікті. Мен адамдарға олардың жеке тұрғын үйінде жайлы температура қажет екенін түсінемін, бірақ мені, елорда тұрғынын, көп пәтерлі үйдегі пәтерімде ұйықтау алдында жатып бөлmemді желдету үшін терезе ашуға мүмкіндігім болмаған кезде, бұл мәселе мені қатты мазалайды. Пешпен жылытудан тұншықтыратын түтін көптеген азаматтар арасында қайшылықты сезімді тудырады: цифрлық және ғарыштық технологиялар ғасырында өмір сүріп жатқан біз алғашқы үйлерін от жағумен жылытып жатқан үңгір ата-бабаларымыздан алысқа кете алмадық па? Сондықтан біз жылумен жабдықтау және ыстық сумен жабдықтау жүйелеріне ЖЭК енгізуді кеңейту бағытында ЖЭК полигонының қызметін жандандыруды шештік. Оның үстіне бізде осы бағытта айтарлықтай атқарымдар және ЖЭК (гелиоколлекторлар мен жылу сорғысы) есебінен жылумен толық қамтамасыз ете отырып, Shell-yurt киіз үй нысанындағы энергия тиімді үйді жобалау мен салудың пилоттық жобасын сәтті іске асыру тәжірибесі болды.

– Назарбаев Университеті кампусындағы таунхаустар мен коттедждердің жергілікті орталықтандырылған жылумен жабдықтауына және ыстық сумен жабдықтауына интеграцияланған вакуумдық гелиоколлекторларды пайдаланатын жүйе туралы толығырақ тоқталсаңыз.



1-сурет. № 6 таунхаус

– Жүйені монтаждау объектісі ретінде жалпы ауданы 347 шаршы метр болатын «Растиград» балабақшасы орналасқан таунхаус таңдалды.


Жылыту және ыстық сумен жабдықтау үшін гелиожүйені енгізу мақсаттары: 1) Нұр-Сұлтанның климаттық жағдайларында тұрғын ғимараттарды жергілікті орталықтандырылған жылумен жабдықтау үшін жаңартылатын энергия көздерін (гелиоколлекторларды) қолдануды көрсету; 2) CO₂ шығарындыларын азайту, жылытуға және ыстық сумен жабдықтауға арналған энергия шығындарын азайту болып табылады.

Жылыту жүйесін жобалау кезінде бастапқы деректерді білу қажет болды:

- ғимараттың энергетикалық тиімділік сыныбы;
- объектіні жылыту және ыстық сумен жабдықтау үшін қажетті жылу қуаты;
- объект шатырының конструкциялық материалдарының түрі;
- қолданыстағы (дәстүрлі) жылу жүйесінің жұмыс істеу қағидаты мен схемасы.

Ғимараттың энергия тиімділігі сыныбы жоғары (B+). Бұл көрсеткіш ғимараттың жылу энергиясын тиімді жұмсайтындығын және нормаланған мәннен -30-дан -40%-ға дейін ауытқуын білдіреді.

Модельдеу және орындалған есептеулер негізінде жабдықтар таңдалды. Күн жүйелері бар жылу жүйесінің қағидалық схемасы 2-суретте, ал компьютерде көрсетілген мнемосхема 3-суретте көрсетілген.



2-сурет.

Күн гелиоколлекторларына негізделген жылыту және ыстық сумен қамтамасыз ету жүйесі «USM» ЖМ қазандығының жылыту схемасымен бірге жұмыс істейді. Жылу жабдықтарының орналасқан жері таунхаустардың жылу пунктiнiң үй-жайы болды.

Жүйенің сипаттамалары:

- ГК жылу қуаты-17,5 кВт;
- Жылу багының көлемі-750 л;
- Жылыту және ыстық сумен жабдықтау;
- Жылу көздері: гелиоколлектор, қазандық
- Жылыту көздерін бөлек пайдалану;
- Жылу параметрлерін автоматты бақылау және реттеу.


реттеу.

Жылыту жүйесі келесі функцияларды орындай алады:

- тұрғын үйді күн сәулесінен жылыту;
- жылыту жүйесінің көздерін автоматты түрде ауыстыру: гелиоколлекторлар немесе қазандық;
- үйдегі температураны автоматты түрде реттеу мүмкіндігі;
- жылу параметрлерін есепке алу және мұрағаттау;
- компьютерде нақты уақыт режимінде жылыту жүйесінің жұмысын визуализациялау.

– Гелиоколлекторлардың енгізілген жүйесі пайдалануда қаншалықты тиімді?

– Күн жүйесінің тиімділігін сипаттау біз екі таунхаустың жылу тұтынуының салыстырмалы кестесінен бастаймыз – № 10 және № 6:




3-сурет.

Айлар	Жылу энергиясы, Гкал		бағасы, мың теңге		Үнемдеу, %
	TX №6	TX №10	TX №6	TX №10	
Қаңтар	5,627	5,08	109,9	99,2	–
Ақпан	3,921	5,63	76,6	110	+31
Наурыз	1,69	3,04	33,02	59,4	+45
Сәуір	1,25	2,53	19,53	49,4	+49


Ақпан айында жылу мен ыстық сумен қамтамасыз ету 31% немесе 33,3 мың теңгені құрады. Наурыз және сәуір айларында жылу мен ыстық сумен қамтамасыз етуде жылуды тұтыну 45% және 49% немесе 26 мыңнан 30 мың теңгеге дейін үнемделді.

Гелиожүйенің қаншалықты тиімді жұмыс істейтінін түсіну үшін № 6 және № 10 таунхаустармен тұтынылған жылу энергиясының диаграммасын, сондай-ақ гелиожүйеден жылу шығаруды қарастырайық.

Жылу энергиясын тұтыну диаграммасы



Күн радиациясының саны



4-сурет.

Сондықтан да осы саладағы заңнаманы жетілдіруге белсенді атсалысу өзекті қажеттілік деп санаймын. Біздің ЖЭК полигонынан келген әріптестеріміз маусым айында «Жылу энергетикасы туралы» заң жобасын (ҚРЗЖ) әзірлеу жөніндегі жұмыс топтарының екі отырысына қатысты.

Ақпан мен наурыз аралығында шуақты күндердің аз саны байқалады, бұл № 10 таунхауспен салыстырғанда № 6 таунхаус қазандығынан жылуды тұтынудың қысқаруына әкеледі.

Сәуірде шуақты күндердің көп болуы және ауаның орташа тәуліктік температурасының жоғарылауы байқалады, гелиоколлекторлардың жылу генерациясының тиімділігі артады, бұл қазандықтан № 6 таунхаусты жылытуға және ыстық сумен жабдықтауға жылу тұтынудың болмауына әкеледі.

Жылу мен ыстық су үшін жылу энергиясын тұтыну мен генерациялау көрсеткіштерін талдау негізінде гелиоколлекторларды қолдану тиімділігінің көрсеткіштері жанама әдіспен есептелді.

Тиімділіктің негізгі көрсеткіштері:

- егер сұйытылған газ жағылса, CO_2 шығарындыларын 1.0 тоннаға дейін төмендету
- кезекші жылыту мақсатында энергия шығындарын 80%-ға дейін төмендету
- жыл бойы пайдалану кезінде ыстық сумен жабдықтауға энергия шығындарын 75%-ға дейін төмендету
- жағылатын сұйытылған газ көлемін 500 текше метрге дейін төмендету.

Жалпы қорытынды жасауға болады:

1. Жеке тұрғын үйлерді жылыту және ыстық сумен жабдықтау үшін жылу көзі ретінде күн гелиоколлекторларын пайдалану Нұр-Сұлтанның климаттық жағдайында мүмкін болып табылады.
2. Гелиожүйелерді қолдану, әсіресе негізгі жылу көзі (жылу сорғысы немесе газ қазандығы) болған кезде біріктірілген жылу жүйесінде тиімді.
3. Жеке тұрғын үй үшін күн жүйелерін қолдануды масштабтау CO_2 шығарындыларын азайтудың инновациялық шешімі ретінде қарастырылуы керек.

– Біз Қазақстандағы жаңа күн және жел станциялары санының ауқымды өсуінің куәгерлері болып табыламыз. Жақында БАҚ-та «Жылу энер-

гетикасы туралы» заң жобасын әзірлеу туралы ақпарат пайда болды. Сіз әріптестеріңізбен бірге Қазақстанның жылумен жабдықтау жүйелерінде ЖЭК белсенді түрде енгізіле бастауы үшін қажетті нормаларды енгізуді жоспарлап отырсыз ба?

– Иә, өте дұрыс айтасыз, ЖЭК-ті қолдау жөніндегі реттеуші базаны жетілдіру ЖЭК-ті пайдалана отырып, электр энергетикасын көміртексіздендіру және орталықсыздандыру саласында оң серпінге және қол жеткізілген прогреске айтарлықтай әсер етті. Нетто-тұтынушының қолданыстағы нормасы ЖЭК көздері бар жеке тұрғын үй иелеріне электр энергиясын электрмен жабдықтаушы ұйымнан электр энергиясы сатып алынатын тариф бойынша сатуға немесе өзара есеп айырысуға мүмкіндік береді. Сондықтан да осы саладағы заңнаманы жетілдіруге белсенді атсалысу өзекті қажеттілік деп санаймын. Біздің ЖЭК полигонынан келген әріптестеріміз маусым айында «Жылу энергетикасы туралы» заң жобасын (ҚРЗЖ) әзірлеу жөніндегі жұмыс топтарының екі отырысына қатысты. Біз сондай-ақ жылумен жабдықтау жүйелерінде ЖЭК жүйелерін пайдалануды мемлекеттік қолдау шараларын енгізуге қатысты ҚРЗЖ екі бабын толықтыру бойынша өз ұсыныстарымызды енгіздік. Бұл «Жергілікті орталықтандырылған жылумен жабдықтау жүйесі» 16-бабы және «Жеке жылумен жабдықтау жүйесі» 17-бабы.

Жылумен жабдықтау және ыстық сумен жабдықтау жүйелерінде ЖЭК-ті қолдануды мемлекеттік қолдау қандай нысанда іске асырылатыны туралы мәселелер қазір белсенді талқылау сатысында. Бұл ЖЭК жабдығына жұмсалатын шығындар құнының бір бөлігін өтеу немесе ЖЭК-тен жылумен жабдықтаушы ұйым тұтынушыларға жіберетін тариф бойынша жылу энергиясын сатып алу болуы мүмкін. Яғни, электр энергиясын нетто-тұтынушы тетігі арқылы ЖЭК қолдау практикасы жылу энергиясын нетто-тұтынушы арқылы ЖЭК қолдау практикасына кеңейтілуі мүмкін.

ҚРЗЖ талқылау барысында біз ұсынған нормалар енгізіледі және біз ЖЭК-ті дәстүрлі жылумен жабдықтау жүйелерімен және ЫСЖ-мен интеграциялау мәселелерінде айтарлықтай ілгерілеуге қол жеткіземіз деп үміттенеміз. Бұл қалалардағы экологиялық жағдайдың жақсаруына әкеледі. Біз таза ауамен дем ала бастаймыз.

– Айдар Бексұлтанұлы, қызықты сұхбатыңыз үшін рахмет!

– Мен де QazaqGreen журналының редакциясына ЖЭК саласындағы NURIS жетістіктерімен бөлісу мүмкіндігі үшін алғыс айтамын. 

Экологиялық тиімділік индексі - 2022

Рейтинг	ЕЛ	Балл	Айм. рейтинг	Рейтинг	ЕЛ	Балл	Айм. рейтинг	Рейтинг	ЕЛ	Балл	Айм. рейтинг
1	Дания	77.9	1	61	Джибути	47.5	6	121	Гондурас	36.5	30
2	Біріккен Корольдік	77.7	2	62	Албания	47.1	15	122	Гамбия	36.4	21
3	Финляндия	76.5	3	63	Черногория	46.9	16	123	Самоа	36.4	11
4	Мальта	75.2	4	64	Оңтүстік Корея	46.9	4	124	Маршалл аралдары	36.2	12
5	Швеция	72.7	5	65	Чили	46.7	12	125	Уганда	35.8	22
6	Люксембург	72.3	6	66	Эквадор	46.5	13	126	Қырғызстан	35.7	12
7	Словения	67.3	1	67	Венесуэла	46.4	14	127	Буркина-Фасо	35.5	23
8	Австрия	66.5	7	68	Коста-Рика	46.3	15	128	Мысыр	35.5	8
9	Швейцария	65.9	8	69	Зимбабве	46.2	7	129	Тимор-Лешти	35.1	13
10	Исландия	62.8	9	70	Суринам	45.9	16	130	Малайзия	35.0	14
11	Нидерланды	62.6	10	71	Бруней-Даруссалам	45.7	5	131	Соломон аралдары	35.0	14
12	Франция	62.5	11	72	Ямайка	45.6	17	132	Шри-Ланка	34.7	4
13	Германия	62.4	12	73	Мексика	45.5	18	133	Иран	34.5	9
14	Эстония	61.4	2	74	Тайвань	45.3	6	134	Танзания	34.2	24
15	Латвия	61.1	3	75	ОАР	44.9	8	135	Идти	34.0	25
16	Хорватия	60.2	4	76	Эсватини	44.9	8	136	Сенегал	33.9	26
17	Австралия	60.1	13	77	Экваторлық Гвинея	44.8	10	137	Катар	33.0	10
18	Словакия	60.0	5	78	Маврикий	44.8	10	138	Кот-Д'Ивуар	32.8	27
19	Чех Республикасы	59.9	6	79	Сербия	43.9	17	139	Руанда	32.8	27
20	Норвегия	59.3	14	80	Тонга	43.8	7	140	Сьерра-Леоне	32.7	29
21	Бельгия	58.2	15	81	Ауғанстан	43.6	1	141	Лесото	32.3	30
22	К и п р	58.0	7	82	Бразилия	43.6	19	142	Ливан	32.2	11
23	Италия	57.7	16	83	Иордания	43.6	3	143	Эфиопия	31.8	31
24	Ирландия	57.4	17	84	Молдова	42.7	4	144	Эритрея	31.7	32
25	Жапония	57.2	1	85	Бутан	42.5	2	144	Мозамбик	31.7	32
26	Жаңа Зеландия	56.7	18	86	Комор	42.5	12	146	Гвинея	31.6	34
27	Испания	56.6	19	87	Колумбия	42.4	20	147	Фиджи	31.3	16
28	Багам аралдары	56.2	1	88	Кувейт	42.4	4	148	Кения	30.8	35
29	Греция	56.2	8	89	Доминикана Республикасы	42.2	21	149	Лаос	30.7	17
30	Румыния	56.0	9	90	Бахрейн	42.0	5	150	Оман	30.7	12
31	Литва	55.9	10	91	Кабо-Верде	41.9	13	151	Ангола	30.5	36
32	Сейшел аралдары	55.6	1	92	Аргентина	41.1	22	152	Бурунди	30.5	36
33	Венгрия	55.1	11	93	Қазақстан	40.9	5	153	Камерун	30.2	38
34	Солтүстік Македония	54.3	12	94	Парагвай	40.9	23	154	Камбоджа	30.1	18
35	Ботсвана	54.0	2	95	Эль Сальвадор	40.8	24	155	Алжир	29.6	13
36	Барбадос	53.2	2	96	Тунис	40.7	6	156	Бенин	29.6	39
37	Сент-Винсент және Гренадиндер	53.2	2	97	Малави	40.6	14	157	Монголия	29.6	19
38	Сан-Томе және Принсипи	52.9	3	98	Гвинея-Бисау	40.2	15	158	Филиппин	28.9	20
39	Антигуа және Барбуда	52.4	4	99	Боливия	40.1	25	159	Мали	28.5	40
40	Біріккен Араб Әмірліктері	52.4	1	100	Конго Республикасы	40.1	16	160	Китай	28.4	21
41	Болгария	51.9	13	101	Перу	39.8	26	161	Марокко	28.4	14
42	Доминика	51.2	5	102	Босния және Герцеговина	39.4	18	162	Непал	28.3	5
43	АҚШ	51.1	20	103	Грузия	39.1	6	163	Нигерия	28.3	41
44	Намибия	50.9	4	104	Әзірбайжан	38.6	7	164	Индонезия	28.2	22
45	Сингапур	50.9	4	105	Гайана	38.5	27	165	Чад	28.1	42
46	Польша	50.6	2	106	Замбия	38.4	17	166	Мавритания	28.1	42
47	Панама	50.5	14	107	Өзбекстан	38.2	8	167	Гватемала	28.0	31
48	Португалия	50.4	6	108	Тайланд	38.1	8	168	Мадагаскар	28.0	44
49	Белиз	50.0	21	109	Сауд Арабиясы	37.9	7	169	Ирак	27.8	15
50	Канада	49.7	7	110	Никарагуа	37.7	28	170	Гана	27.7	45
51	Габон	49.6	22	111	Нигер	37.7	18	171	Судан	27.6	16
52	Украина	49.4	5	112	Ресей	37.5	9	172	Түркия	26.3	19
53	Сент-Люсия	49.0	1	113	Мальдив аралдары	37.4	3	173	Гаити	26.1	32
54	Кирибати	48.5	1	114	Микронезия	37.4	9	174	Либерия	24.9	46
55	Беларусь	48.3	8	115	Уругвай	37.4	29	175	Папуа-Жаңа Гвинея	24.8	23
56	Армения	48.2	3	116	Оңтүстік Африка	37.2	19	176	Пәкістан	24.6	6
57	Израиль	47.9	2	117	Тәжікстан	37.1	10	177	Бангладеш	23.1	7
58	Гренада	47.8	3	118	Түрікменстан	37.0	11	178	Вьетнам	20.1	24
59	Тринидад және Тобаго	47.5	2	119	дем. Конго Республикасы	36.9	20	179	Мьянма	19.4	25
60	Куба		9	120	Вануату	36.9	10	180	Үндістан	18.9	8

Азия-Тынық Мұхиты

Шығыс Еуропа

Бұрынғы КСРО

Батыс елдер

Үлкен Таяу Шығыс

Латын Америкасы және Кариб.

Оңтүстік Азия

Тропикалық Африка

Энергетика секторындағы парниктік газдар шығарындыларын азайтуды ақшаға айналдыру

Лилия

Завьялова,
Ph.D – төмен көміртекті даму бойынша халықаралық сарапшы, Avantgarde Group сарапшысы, Өзбекстан

Марина

Ольшанская –
Avantgarde Group басқарушы серіктесі, Словакия

Александр

Белый,
Ph.D – AvantGarde Central Asia директоры, Қазақстан

Жаһандық экономиканың төмен көміртекті дамуына декларацияланатын көшу қазбалы отынды пайдалануға негізделген ұлттық энергия жүйелерін тұрақты және көміртексізденген жүйеге түрлендіруге мүмкін емес. Бұл жаңа электр станцияларын салудан бас тартуды және жұмыс істеп тұрған, бірінші кезекте, көмір мен мұнай өнімдерін жағатын электр станцияларын біртіндеп жабуды көздейді. Қазба отынының орнына жел, күн, гидроэнергетика, геотермалдық энергия және биомасса сияқты нөлдік көміртегі шығаратын жаңартылатын энергия көздері (ЖЭК) келеді. ЖЭК-ке көшу арқылы энергетиканы көміртексіздендіру идеясын мемлекет те, қоғам да қолдайды. Осыған байланысты реттеушілер, инвесторлар мен тұтынушылар энергетикалық компанияларға көміртек ізін азайтуды талап етіп, көбірек қысым көрсетуде.

Айта кету керек, соңғы жылдары жаңартылатын энергия көздері соншалықты тиімді бола бастады, бұл энергия өндіретін жаңа қуаттардың көп бөлігін құрайды. Соңғы 10 жылда күн энергиясының бағасы шамамен 80%-ға, ал жел энергиясы 40%-ға төмендеді. Алайда, 2022 жылы халықаралық жағдайдың шиеленісуіне байланысты күн және жел электр станцияларына арналған жабдықтар бағасының біршама өсуі байқалды.

Күн және жел қондырғылары бағасының ауқымды төмендеуіне қарамастан, жаңартылатын энергетика қазбалы отынның үлкен қоры бар және отын энергетикасын қолдайтын елдерде, мысалы, Орталық Азия мемлекеттерінде дәстүрлі энергетикадан әлі де ұтылып отыр. Шағын және орта бизнес, айталық, күн станцияларының көмегімен автономды энергиямен жабдықтау пайдасына отын станцияларында өндірілетін энергиядан бас тартуға ұмтылмайды. Негізгі проблема – жабдықты сатып алу кезін-



**AvantGarde
Group**

де үлкен бастапқы инвестициялық шығындар. Мемлекеттік жеңілдіктер, егер бар болса, инвестициялау проблемасын әрдайым шеше бермейді. Қосымша қаржыландыру көздері қажет.

Бизнес пен ел үкіметтері төмен көміртекті даму стратегияларында қолданатын экономикалық тиімді

құрал көміртегі бағасын белгілеу болды (CO₂-бал. тоннасы үшін төлемді енгізу). Парниктік газдар шығарындыларын (ПГ) ақшаға айналдыру оларды азайту үшін қаржылық ынталандыруды қалыптастырады.

Көміртекті өтемақы жобаларын жүзеге асыру кезінде алынған шығарындыларды ақшаға айналдырудың ықтимал нұсқаларын талдауға кіріспес бұрын, көміртегі бағасын белгілеуге байланысты негізгі ақпаратты қарастырайық.

1. Көміртегі салығы және көміртегі нарықтары туралы негізгі ақпарат

Көміртектің бағасын белгілеу тікелей болуы мүмкін – көміртегі салықтары, ПГ шығарындыларына квоталарды сату жүйелері, көміртекке кредит беру тетіктері және жанама - отын мен тауарларға салық салу, отын субсидиялары арқылы. Бұл жарияланымда тек тікелей көміртегі бағасы қарастырылады.

Дүниежүзілік банктің «2022 жылғы көміртегі шығарындыларының жай-күйі мен баға белгілеу трендтері» есебіне сәйкес әлемде ПГ жаһандық шығарындыларының 20%-дан астамын қамтитын және жыл сайын 53 миллиард АҚШ доллары мөлшерінде кіріс әкелетін көміртектің бағасын тікелей белгілеудің 64 жүйесі жұмыс істейді. Төмендегі суретте аумағында көміртегі салығы енгізілген немесе шығарындылар саудасы жүйесі қолданылатын (2021 жылғы жағдай бойынша) юрисдикциялар (мемлекеттер, өңірлер, провинциялар, қалалар) көрсетілген.

Қазба отынының орнына жел, күн, гидро-энергетика, геотермалдық энергия және биомасса сияқты нөлдік көміртегі шығаратын жаңартылатын энергия көздері (ЖЭК) келеді.




1.1 Көміртегі салығы

Көміртегі салығы – бұл, әдетте, энергетика және көлік салаларында қазбалы отынды жағу үшін төлем. Отынды жағудан CO₂ шығарындыларының әрбір тоннасы үшін көміртегі салығының бағасын Үкімет белгілейді. Егер ПГ шығарындылары үшін төлем жеткілікті жоғары болып табылса, онда көміртегі салығы ЖЭК-ке көшуді және энергия тиімді технологияларды енгізуді ынталандыратын қуатты факторға айналады.

